

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ КҮРЕСКЕРІ

8-БЕТ | ТҰЛҒА



БАЯНДЫ ЖӘНЕ БАЯНСЫЗ МАХАББАТ БАЯНЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

СУ ТАСҚЫНЫНА ҰШЫРАМАҒАН ӨҢІРЛЕРДЕ МЕНІҢ ТАПСЫР-МАММЕН «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ. МЕН ӘКІМДЕРДІҢ БӘРІНЕ БҰЛ БІР РЕТТІК НАУҚАН ЕМЕС ЕКЕНІН ЕСКЕРТтім. БАСҚАША АЙТҚАНДА, СЕНБІЛІККЕ ШЫҒЫП, ЖҰМЫС ІСТЕГЕН СЫҢАЙ ТАНЫТЫП, КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ ЖАСАУҒА БОЛ-МАЙДЫ. КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРДЕГІ СЕКІЛДІ БІЗГЕ ДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫ КӨҒАЛДАНДЫРУ, ӨҢІРЛЕР МЕН ҚАЛАЛАРДЫҢ АУМАҚТАРЫН ТАЗАРТУ ЖҰМЫСТАРЫН ҮНЕМІ ЖҮРГІЗУ КЕРЕК.

№45 (4633) Сәйсенбі 16 сәуір 2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



СЕЛ ҚАУШ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

«Қазгидромет» РМК баспасөз хатшысы Алина Исмағұлова қай өңірлерде су тасқынының екінші толқыны күтілетінін айтты. Мәлімет бойынша Солтүстік Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Ақмола және Атырау облысында қауіпті жағдай әлі де сақталады.

3-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ

ӘЗІРГЕ – 32 ЛИЦЕНЗИЯ

Қазақстан ұлттық құрамасының қоржынында Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік беретін 32 лицензия бар.

Спортшыларымыз Париж Олимпиадасына лицензия беретін жарыстарға қатысуда. Жақында ғана Голландияда марафон жарысынан өткен жарыста қазақстандық жеңіл атлет Жанна Мамажанова Париж Олимпиадасының жолдамасын жеңіп алды. Қазақстан үшін 32-лицензияны жеңіп алған жерлесіміз жарыс жолын 2 сағат 26 минут 42 секундта бағындырып, Қазақстан рекордын жаңартты. Әзірге Қазақстан делегациясында 12 спорт түрінен 32 лицензия (30 спортшы) бар.



СЕРПІНДІ СЕНБІЛІК

Елордада қаланы санитарлық тазалауға, абаттандыруға және көгалдандыруға бағытталған «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты экология сенбілігіне 115 мыңнан аса адам қатысты. Тазалық жұмысына қала тұрғындары, еңбек ұжымдары, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, шағын және орта бизнес субъектілері, еріктілер, оқушылар мен студенттер шықты.

ВЕЛОМАУСЫМ АШЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігі ресми сайтының мәліметінше, 15 сәуір күні таңғы сағат 09:00-де елордада «Astana Bike» велопрокат маусымы ашылды.

Билет сатып алу және велосипедтерді жалға алу маусым басталғаннан кейін бірден қолжетімді болды. Абонементті тіркеуге және сатып алуға, сондай-ақ велопрокат бойынша барлық қажетті ақпаратты сайттан білуге болады: www.velobike.kz



МАЙДАНГЕРГЕ – 2 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Биыл елордалық Ұлы Отан соғысы майдангерлері 2 миллион теңгеден алады.



Астана қаласы әкімдігінің шешімімен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына орай майдангерлерге төленетін төлем сомасы екі есеге ұлғайды. Яғни бүгінгі таңда елордада тұратын 7 ардагерге 2 миллион теңгеден төлем беріледі. Сонымен қатар «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы заңының күші қолданылатын басқа адамдарға да төлем қарастырылған.

4



КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ КЕЛЕШЕГІ МОЛ

6

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 476.78 \$ USD/KZT 447.89 ₸ RUB/KZT 4.81 ¥ CNY/KZT 61.89

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№45 (4633) 16/04/2024 Сейсенбі

**ӘРІПТЕСТІКТІҢ
МАҢЫЗДЫ БЕЛЕСІ**

Шағын форматта өткен кездесуден кейін Қазақстан мен Армения басшылары келіссөзді ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

«Қазақ-армян әріптестігін жаңа деңгейге көтеруге қатысты бастамаңызды толық қолдаймын. Біз армян халқының терең тарихына, ежелгі мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен қараймыз» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті өзінің Арменияға ресми сапары Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толуына орай өтуінің символдық мәні бар екеніне назар аударды. Ширек ғасыр ішінде екіжақты қатынастардың берік негізі қаланды. Саяси диалог белсенді дамып, үкіметтер мен парламенттер арасында байланыс орнады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы өзінің Ереванға сапары Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін береді деп санайды. Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ықпалдастықты одан әрі дамытудың мейлінше перспективті бағыттарын айқындап берді. Оның айтуынша, ең өзекті міндет – экономикалық қарым-қатынастарды сапасы мен мазмұны жағынан байыта түсу. Өзара сауда-саттықты ұлғайту үшін азық-түлік секторында, инвестиция, көлік-логистика, IT-индустрия және құрылыс салаларында айтарлықтай резерв бар.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қазақстан Президентінің Арменияға алғашқы сапары мол мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

«Сіздің бүгінгі сапарыңыздың маңызы зор. Келіссөздер барысында кең ауқымды мәселелерді қарастырдық. Соның ішінде экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдетуге, өңірлік ықпалдастықты кеңейтуге баса мән бердік» деді Армения Премьер-министрі.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Ресми сапар аясында қол қойылған маңызды құжаттардың ішінде Астана мен Ереван арасындағы бауырластық қарым-қатынас орнату туралы меморандум да бар.

**МАҚСАТ – БАЙЛАНЫСТЫ
ЖАНДАНДЫРУ**

Екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашинян бұқаралық ақпарат құралдары үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Арменияны Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы өте маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атап өтті.

«Біздің қарым-қатынасымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты байланысты жандандыру – ортақ мақсатымыз. Біздің аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайту жолындағы мұратымыз – бір. Биыл екі ел арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы шартқа 25 жыл толды. Осы уақыт ішінде ынтымақтастық туралы шартқа мерзімге арналған өзара тиімді серіктестіктің берік негізі қаланды. Біз Армениямен жан-жақты әріптестікті одан әрі дамытуға мүдделіміз. Сондықтан мен үшін бүгінгі сапардың мән-маңызы айрықша» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бүгінгі келіссөздер екі елдің жоғары деңгейдегі ынтымақтастығын сақтауға мүдделі екенін дәлелдейді.

«Бүгін күн тәртібіндегі көптеген өзекті мәселе жан-жақты талқыланды. Біз нақты келісімдерге қол жеткіздік. Пашинян мырза бұл туралы жаңа ғана толығымен айтты. Әсіресе, сауда-экономика



ҚАЗАҚСТАН-АРМЕНИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Арменияға бір күндік ресми сапармен барып, Премьер-министр Никол Пашинянмен және Президент Ваагн Хачатурянмен келіссөздер жүргізді. Ереванға ресми сапармен барған Қасым-Жомарт Тоқаевты Мемлекеттік резиденцияда Армения Премьер-министрі Никол Пашинян қарсы алды.

және инвестиция саласындағы байланыстың ауқымын кеңейтуге ерекше назар аудардық. Екіжақты сауда-саттықтың көлемі соңғы бес жылда тұрақты өсіп келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы жан-жақты қарым-қатынасты нығайту үшін мол әлеует бар екеніне назар аударды.

«Тауар айналымын ұлғайтуға серпін беретін жаңа бағыттарды іздестіру керек деген ортақ пікірге келдік. Экспорттық-импорттық тауарлар номенклатурасын кеңейту үшін нақты шаралар қабылдауымыз керек. Ол үшін қолда бар мүмкіндікті барынша тиімді пайдалану қажет. Қазақстан Арменияға шығарылатын экспорт көлемін 350 миллион долларға жеткізуге дайын» деді Президент.

Мемлекет басшысы өнеркәсіп, құрылыс, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы, инновация, туризм және басқа да салалардағы ынтымақтастықты жандандыру маңызды екенін айтып, армян тарапына бірқатар бірлескен инвестициялық жобаны жүзеге асыруды ұсынды.

«Бұл, әсіресе, қазіргі күрделі геосаяси және геэкономикалық ахуал кезінде аса өзекті. Осы бағыттағы жұмыс Үкіметаралық комиссияның жіті бақылауында болады. Бұған қоса бизнес-миссиялардың барыс-келісін жандандыра түсуіміз керек. Бұл қадам Іскерлік кеңестің тез арада құрылуына ықпал етеді, екі елдің бизнес өкілдері арасындағы байланысты жақсартуға мүмкіндік береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту үшін көлік және логистика саласының маңыздылығына тоқталып, Қазақстан Арменияның Оңтүстік Кавказдағы көлік байланысын қайта жандандыруға ұмтылысын жоғары бағалайтынын жеткізді.

«Бұл ретте құрметті Премьер-министр Никол Пашинянның «Бейбітшілік торабы» бастамасына оң көзқараспен қараймыз. Сонымен қатар біз екі елдің астанасы мен басқа да қалалары арасында тікелей әуе рейстерін

ашу туралы бастаманы қолдадық. Агрөонеркәсіп саласындағы тауар түрін көбейту және оларды жеткізу мәселелерін талқыладық. Сондай-ақ цифрлық технология бойынша ынтымақтастықты дамыту қажет. Қазақстан армениялық серіктестерімен осы маңызды салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруды көздеп отыр» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Армениямен мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтуға баса мән беретінін айтты.

«Биыл Қазақстанда Арменияның мәдениет күндері өтеді. Бұл маңызды іс-шара халықтарымызды жақындата түсетіні сөзсіз. Әсіресе, рухани байланыстарымызды жандандырмақ. Сондай-ақ құрметті Армения Премьер-министрімен Ереван қаласы көшелерінің біріне ұлы Абайдың есімін беру туралы келісімге келдік. Ал Астананың бір көшесіне армян өліпбиінің негізін қалаушы, әулие Месроп Маштоцтың аты берілетін бол-

ды. Оған қоса армян қарпімен жазылған қыпшақ тіліндегі қолжазбаларды зерттейтін ғылыми топ құру туралы бастаманы құптадық. Оны Еуразия ұлттық университеті және Ереван мемлекеттік университеті бірлесіп жүзеге асырады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев армян спортшыларын биыл қыркүйекте Қазақстанда өтетін бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысуға шақырды. Сонымен қатар Армения Премьер-министрімен келіссөздер барысында аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасқанын мәлімдеді.

«Қазақстан мен Армения көпжақты құрылымдар аясында тиімді ынтымақтастықты жалғастырып келеді. Елдеріміздің өңірлік және халықаралық деңгейдегі көптеген өзекті мәселелерге қатысты ұстанымдары ұқсас. Бастамаларымызға өзара қолдау білдіру дәстүрге айналды. Мұны зор ризашылықпен атап өткім келеді» деді Президент.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Оңтүстік Кавказда бейбітшілікке қол жеткізу жөніндегі күш-жігері өз үлесін қосуға Қазақстанның дайын екенін мәлімдеді.

әрі өзара тиімді байланыстарды нығайту жөніндегі ұстанымы үшін қазақ делегациясына алғыс айтамын. Біз көпжақты күн тәртібін одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін айқындадық. Сондай-ақ жаңа жобаларды, соның ішінде көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі өркендету перспективаларын нақтыладық. Біз тауар айналымының тұрақты өсіміне қарамастан, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін әлеуетіміздің толық пайдаланылмай отырғанымен келісеміз» деді Армения Үкіметінің басшысы.

Қазақстан Президенті Еревандағы Парламент ғимаратында Армения Республикасы Ұлттық жиналысының Төрағасы Ален Симонянмен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Армения мен Қазақстан арасында тығыз қарым-қатынас орнағанын және екі елдің ортақ тарих пен ежелгі мәдени байланыстар біріктіретінін атап өтті. Өз кезегінде Ален Симонян Армения мен Қазақстан арасындағы көпжақты және екіжақты форматтағы өзара ынтымақтастық деңгейі жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ ол екі елдің парламентаралық платформалардағы ықпалдастығының маңызына ерекше назар аударды. Әңгімелесу барысында мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту, Қазақстан мен Армения аймақтары арасындағы байланыстарды нығайту перспективалары қарастырылды.

МАҒЫНАЛЫ СЕРІКТЕС

Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Президенті Ваагн Хачатурянмен кездесті. Қазақстан Президенті Арменияға алғашқы ресми сапарына ерекше мән беретінін атап өтті.

«Армения Қазақстан үшін маңызды, өте мағыналы серіктес болып табылады. Ежелгі өркеніет бастау алған тарихы мен мәдениеті бай армян халқының жеріне ыстық ықпалмен, ерекше сезіммен келіп отырмын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Премьер-министр Никол Пашинянмен жүргізген келіссөздер барысында күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты әрі нәтижелі талқыланды.

«Қазақ-армян қатынастарын жан-жақты нығайтуға қатысты өзара ұмтылысымызды растадық. Бұл – бүгінгі келіссөздердің басты нәтижесі. Біз маңызды уағдаластықтарға қол жеткіздік. Қазақстан мен Арменияның көпжақты өзара ықпалдастығын одан әрі нығайту жоспарын нақтыладық. Сондай-ақ халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырдық» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ваагн Хачатурян қазақ-армян ынтымақтастығына қатысты бірқатар өзекті мәселені талқылап, саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастыққа баса назар аударды.

Армения Президенті Мемлекет басшысының Ереванға сапары тарихи маңызға ие екенін атап өтіп, келіссөздердің қорытындысы екі ел арасындағы байланыстарды нығайту үшін берік іргетас қалыптастыратынын, мемлекетаралық қатынастарды жаңа деңгейге көтеретінін жеткізді.

«Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен Армения арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға және нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін. Біздің ортақ тарих пен қазіргі қарым-қатынастар байланыстырады. Қазіргідей күрделі кезеңде өзара ынтымақтастықты дамытып жатырмыз. Сіздің бастылығыңызбен Қазақстан бағытта табысқа қол жеткізіп отырғанына күміз. Мен Сізге және барша қазақ халқына жаңа жетістік тілеймін» деді Ваагн Хачатурян.



БАСТЫ МІНДЕТ – АДАМДАРҒА КӨМЕК БЕРУ

Мемлекет басшысы Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысын өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта ахуал әлі де өте күрделі екенін атап өтті. Оның айтуынша, бес аймақта, яғни Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында су тасқынының екінші толқыны болуы мүмкін. Қалған алты облыста, атап айтқанда, Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Абай, Павлодар, Ұлытауда жағдай тұрақтала бастаған.

Мемлекет басшысы адамдарды дер кезінде қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек беру қазіргі басты міндет екеніне назар аударды. Президент өзінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік материалдық резервтен арнаулы техника және басқа да жабдықтар алуға рұқсат етілгенін айтты.

«Мен шығынды өтеу үшін тиімді тәсілдер қарастыру туралы нақты тапсырма бердім. Бұл мақсатқа бюджет қаражатымен қатар «Қазақстан халқына» қоры мен ірі бизнес өкілдері бөлген қаржы жұмсалды. Сондай-ақ тағы бір өте маңызды мәселе. Бұл – су басқан аймақтардағы эпидемиологиялық ахуал. Жағдайды қатаң бақылауда ұстау қажет. Көктемгі егіс науқанына да дайындалу керек. Су астында қалған елді мекендерде ешқандай заң бұзушылыққа жол бермеу қажет. Менің тапсырмаммен Үкімет басшысы және оның орынбасарлары қазір аймақтарда жүр. Олар жағдай тұрақталғанша барлық жұмысты үйлестіреді, елмен бірге болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен аймақтардағы азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін айрықша бақылауда ұстау және бағаның өсуіне жол бермеу қажет екеніне тағы да назар аударды. Сондай-ақ азаматтар үшін әуе және темір жол көліктеріне билеттің қымбаттауына жол беруге болмайтынын ескертті.

«Үкімет пен әкімдіктер зардап шеккен адамдарды орналастыру, оларға қажетті көмек беру мәселелерін тез арада шешуге тиіс. Қазір бұл жұмыстар атқарылып

жатыр. Эвакуациялық пункттердегі жағдайды тұрақты бақылауда ұстау керек. Жоғалған құжаттарды қалпына келтіру, құқықтық және психологиялық көмек көрсету пункттерін жедел ұйымдастыру қажет. Айтпақшы, жоғалған құжаттар да проблема болады. Адамдар үйлерін асығыс тастап кетті. Құжаттарын қалпына келтіруге көмектесу керек. Жағдай өте күрделі аудандарда қоғамдық штабтар орналастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін» деді Президент.

Жиын барысында Денсаулық сақтау министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге еліміздегі санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотиялық жағдайға бақылауды күшейтіп, тәулік бойы мониторинг жүргізу, сондай-ақ көппәтерлі үйлерге, әлеуметтік және басқа да нысандарға дезинфекция жасау жөнінде тапсырма берілді. Су тасқынына байланысты жұпалы аурулардың таралып жатқаны және эпидемиологиялық жағдайдың нашарлағаны туралы әлеуметтік желілерде жарияланған ақпарат расталмады.

Бұдан бөлек, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне тұрғын үйлерді, әлеуметтік инфрақұрылымды, коммуналдық шаруашылық нысандарын қайта қалпына келтіру жұмыстарын үйлестіру үшін жедел топ жасақтау жөнінде тапсырма берілді.

«Су басқан өңірлердің әкімдері қажетті қаржыландыру туралы есепті жедел штабқа тез арада беруі керек. Сондай-ақ аумақты қоқыстан, қираған үйлер мен құрылыстардың үйінділерінен тазартқан жөн. Зардап шеккен өңірлерге Ауыл шаруашылығы, Көлік, Денсаулық сақтау, Су ресурстары, Төтенше жағдай-

лар, Экология, Ғылым және жоғары білім вице-министрлерін жіберу қажет. Айтпақшы, су тасқынына ұшырамаған өңірлерде менің тапсырмаммен «Таза Қазақстан» науқаны басталды. Мен әкімдердің бәріне бұл бір реттік науқан емес екенін ескерттім. Басқаша айтқанда, сенбілікке шығып, жұмыс істеген сыңай танытып, көзбояшылық жасауға болмайды. Көршілес елдердегі секілді бізге де Қазақстанды көгалдандыру, өңірлер мен қалалардың аумақтарын тазарту жұмыстарын үнемі жүргізу керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азаматтар үшін тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстарына нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізу жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ жыл соңына дейін су тасқынына қарсы іс-шараларды басқарудың ұзақмерзімді стратегиясын анықтап, тиісті бағдарламалық құжаттарды қабылдау міндетін жүктеді.

Жиын барысында Премьер-министр Олжас Бектенов, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Өрінов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев баяндама жасады.

ҮНҚОСУ

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Ұлттық ғылым академиясы
директорлар кеңесінің мүшесі,
академик, Астана қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі:



ҒЫЛЫМИ ҚОРЫТЫНДЫЛАРҒА СҮЙЕНУ МАҢЫЗДЫ

– Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы өткені белгілі. Алқалы жиында Президент: «Алдымен баршаңызды Ғылым күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер арқылы Қазақстан ғалымдарына жьлы лебізімді жеткізім келеді. Шын мәнінде, бүгінгі мерекелік күн – қоғамымыздағы ерекше сәт, себебі бұл күн ғұлама ғалым, заңғар тұлға Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Біз Ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлы ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – халқымыздың біртуар перзенті. Еліміз әлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды. Менің тапсырмаммен көптеген іс-шара өткізіледі» деді.

Сондай іс-шара аясында Ғылым және жоғары білім министрлігі, Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен Л.Тумиев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұйымдастыруымен елордада өткен «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» атты халықаралық-практикалық конференцияға қатысты.

ҚР ҰҒА академигі Ерлан Сыдықовтың модераторлығымен өткен ғылыми жиында сөз сөйлеген шешендер Қаныш Сәтбаевтың отандық ғылымның негізін қалаудағы орны мен қазақ елінің даму жолындағы роліне әр қырынан тоқталды.

Конференцияда сөйлеген сөзінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ұлттық кеңесте қабылданған шешімдерге арнайы тоқталды, атап айтсақ, ғылымға үш жылдың ішінде 625 миллиард теңге қаржы бөлу туралы қарар қабылданғанын, ғалымдардың

жалақысы екі есе өсіп, озық ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыруға қолдау күшейіп, докторантурада оқуға арналған білім грантының саны артып, ғалымдарға әлемнің озық ғылыми орталықтарында тәжірибеден өту үшін зор мүмкіндік беру жлғасын табатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның дамуына үлес қосатын бағыттарды белгілеп бергенінен де жиынға қатысушыларды құлағдар етті.

Ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды екеніне екінің түсіре айтқан Мемлекет басшысы: «Ғылымды мемлекет дамуының өзекті мәселелерінен бөле-жара қарастыруға болмайды. Оны ел мен қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану қажет. Ғылым дерексіз, яғни абстрактілі емес, нақты қолданбалы, күнделікті өмірде пайдасы мол сала болуға тиіс. Ғылыми негізсіз жасалған шаруаның салдары ауыр болуы мүмкін. Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Апатты ғылыми тұрғыдан болжау, оның ықтималдығы мен әсерінің ауқымын дер кезінде бағалау өте маңызды. Су тасқыны, орман өрті және Алматыдағы жер сілкінісі осыны айқын аңғартты. Ашығын айтсақ, төтенше жағдайдың алдын алу ісінде айтарлықтай олқылықтар бар. Бұл – жылдар бойы шешімін таппаған мәселелер. Ең алдымен – білікті мамандардың тапшылығы. Тиісті ғылыми қорытынды сапалы жасалмайды. Сондықтан жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту керек» деп нақты тапсырмалар бергені белгілі болды.

Алдағы уақытта мемлекеттік орандар барлық істе, ең алдымен, сапалы ғылыми қорытындыға сүйенуі керектігі міндеттелді.

Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосар үлесін еселей түсу үшін отандық ғалымдар да аянбай атсалысуы керек деп санаймыз.



Данабек ИСАБЕКОВ,
Парламент Мәжілісінің
депутаты:

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР КЕРЕК

«Өнер – ағып жатқан бұлақ, Ғылым – жанып тұрған шырақ». Ескіден қалған есті сөз. Рас, біздің ата-бабаларымыз ғалымдарды ерекше құрметтеп, ғылымның дамуына мән берді. Олай болмаса, әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби шығар ма еді?! Бүгін 125 жылдығы аталып жатқан Қаныш Сәтбаевтың жұлдызы жанар ма еді?! Мұның бәрі біздің ұлттың бойында оқу-тоқуға, білім-ғылым игеруге құштарлықтың бар екенін аңғартады. Алайда нарық қоғамының талап-мүддесіне сай ғылым, инновация саласы екінші орынға қойылып, ғалымдардың еңбегі ескерусіз қалып жатқанын мойындауымыз керек.

Ақордада өткен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласында қордаланған мәселелерді жан-жақты талдап, басымдық беретін бастамаларды белгілеп берді.

Президент айтқандай, елдегі су тасқынына байланысты қалыптасқан ахуал, ғалымдардың тапшылығы айқын сезіліп отыр. Бұрын қалыптасқан ғылыми әлеует пен инфрақұрылымды жоғалтып алып, соның салдарынан қаншама елді мекен су астында қалды. Негізі, ғылыми дамыған елдер ондаған метрге көтеріліп, жағалауда соғатын цунамилерден сақтанып отыр.

Рас, ғылымсыз өркениет көшіне ілесу – қиынның қиыны. Бізге биохимия, микробиология, экология, геология, құрылыс, статистика, ақпараттық ғылым және т. б. ғылым саласында инновациялық жетістіктерді қолдану керек. Сондай-ақ цифрландыру мен жасанды интеллекттің игілігін мейлінше қолдану маңызды.

Президент: «Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте маңызды» деп атап айтты. Ендеше осы бағыттағы жүйелі жұмыстар ғылым саласына серпін беруі керек.

СЕЛ ҚАУІП СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Спикердің айтуынша, Солтүстік Қазақстан облысының аумағында Ақмола облысының аумағындағы салалар бойынша Есіл өзенінің көтерілуі есебінен (Жабай, Қалқутан және т. б.); Батыс Қазақстан облысының аумағында Ресей Федерациясының аумағынан Жайық өзені арқылы судың түсуі есебінен; Атырау облысының аумағында Батыс Қазақстан облысының аумағынан Жайық өзені арқылы судың түсуі есебінен су тасқыны екінші толқынының жүру қаупі бар.

Сондай-ақ А.Исмағұлова мынадай қосымша болжаммен де бөлісті: «Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан таулы өзендерде су тасқыны кезеңі жазық өзендерден кейін өтеді. Қазіргі уақытта Ақмола облысы аумағындағы Есіл өзенінің кейбір салаларында су тасқыны жоғары шекке жетті, бұл Есіл өзенінде су деңгейінің қайта көтерілуіне себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ су деңгейінің көтерілуі Нұра өзенінің төменгі ағысында жалғасуда».



№45 (4633) 16/04/2024 Сейсенбі



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙДІ

Астанада ұлттық құндылықты насихаттайтын «Өнерпаз ұрпақ» қоғамдық қоры орталығының ашылу рәсімі өтті.

Ұлттық құндылықты болашақ ұрпаққа насихаттау арқылы қолөнерді дәріптеп, үйретуге бағытталған қоғамдық қордың ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен және Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрәулет Әлмұқанов қатысып, орталық қызметкерлеріне сәттілік тіледі.

«Біздің мақсатымыз – үлкен кісілермен де, балалармен де жұмыс істеу. Орталықта әйелдер қолөнер, би-терапиясы, вокал, тігін тігу және тамақ пісіруді үйрене алады. «Ару қыздар» атты жобамызда қобыз, арт-терапиясы қолданылады. Онда әжелеріміз ұлттық құндылықты насихаттаса,

қолөнершілеріміз қолөнер бұйымдарын жасауды көрсетеді» дейді орталық басшысы Зинара Жұманова.

Сонымен қатар орталықта ер-азаматтарға тұрмыстық техниканы жөндеу де үйретіледі. Қоғамдық қордың алғашқы іс-шарасында оқушыларға шеберлік сағаты өтті.

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖАЛҒАСУДА

Тасқын судан зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек жөнелту жалғасуда. Бұл іске қоғамдық ұйымдар да өзіндік үлесін қосып жатыр.



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Астана қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі Ақмола облысының Бұланды ауданына 10 тонна көмек жеткізді. Қоғамдық бірлестік басқармасының көмек көрсету жөніндегі бастамасын ұйым мүшелері бірауыздан қолдады. Астаналық

«ауғандық» ардагерлер бір апта ішінде азық-түлік және күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды жинады. Сондай-ақ қаржылай көмек берушілер де болды.

«Біздің ардагерлер елімізде орын алып жатқан қиын жағдайға бейжай қарай алмады. Бір апта ішінде 10 мың тоннадан аса гуманитарлық көмек жинап үлгердік. 100 қап ұн, 100 қап пияз, 100 литр сұйық май

және басқа да азық-түлікпен қатар, төсек жабдықтары, гигиена заттары жиналды. Барлық көмекті Бұланды ауданындағы штабқа тапсырдық. Біз осылайша халықпен бірге екенімізді, еліміздің басына түскен қиындықты бөліскіміз келді» дейді Астана қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» ҚБ төрағасы Мейрамбек Төлекпаев.

МАЙДАНГЕРГЕ – 2 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жеңістің 79 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (қатысушылары мен мүгедектерінен басқа, ҰОС кезеңінде қызмет өткерген әскери

қызметшілер, фашистік Германияға қарсы іс-қимылдарына қатысқан адамдар, Ленинград қаласындағы блокада кезеңінде жұмыс істеген азаматтар, концлагерьлердің кәмелетке толмаған тұтқындары, жаралануы салдарынан мүгедек болған әскери

қызметшілер, азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы радиациялық апаттар мен ядролық сынақтар салдарынан мүгедектігі анықталған адамдар және олардың балалары, мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуленуімен генетикалық байланысты) 45 АЕК (166140 теңге) мөлшерінде алады.

Басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери іс-қимылдарының ардагерлері (Ауғанстандағы әскери іс-қимылдарының ардагерлерінен басқа) (Тәжік-Ауған учаскесінде, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операциясында міндеттерді орындаған әскери қызметшілер), Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуде – 45 АЕК (166140 теңге).

«Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы заңының күші қолданылатын басқа адамдар (тыл еңбеккерлері, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, қайтыс болған ҰОС мүгедегінің жұбайы (зайыбы) 15 АЕК (55380 теңге) мөлшерінде алады.



«АСТАНА КУБОГЫН» САРАПҚА САЛДЫ

Елордадағы «Арғымақ» ат спорты кешенінде ерекше қажеттілігі бар адамдар арасында «Астана кубогы» жарысы ұйымдастырылды. Арнайы олимпиада бағдарламасы бойынша жарысқа Астана, Ақтау, Өскемен және Риддер қалаларынан келген шабандоздар қатысты.

Жарыс барысында қатысушылар атты ерттеп, шапқылап, өз дағдысын көрсетті. Жарыс аяқталғаннан кейін спортшылардың бәріне естелік сыйлық пен қатысқаны туралы сертификат табысталды.

– Спорт – ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оңалту және оларды қоғамға бейімдеуде маңызды бағыттың бірі. Бұл бағдарлама ерекше қажеттіліктері бар қазақстандық

шабандоздарға алдағы уақытта арнайы олимпиада ойындарына қатысуға мүмкіндік береді. Біз өз тарапымыздан спортшылар мақсатының жүзеге асуына қосымша көмек көрсету үшін турнирді жыл сайын өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Азамат Ақзамов.



ӘСКЕРИ ОҚУ-ЖАТТЫҒУҒА АТТАНДЫ

99255 әскери бөліміне тіркелген әскери міндеттілер құрамының кезекті жоспарлы оқу-жаттығу әскери жиындарына 100-ге жуық астаналық азамат шақырылды.



Оқу-жаттығу әскери жиыны биыл сәуірдің 15-24 аралығында Астана қаласының аумақтық қорғанысын дайындау, әскери міндеттілердің білімі мен дағдысын игеру, жетілдіру мақсатында ұйымдастырылады. Жиынға шақырылғандар 10 күн бойы әскери білімі мен шеберлігін шыңдайды.

Оқу-жаттығу әскери жиыны Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңы 33-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы №620 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу ережелері» 4-тарауының талаптарына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 1 сәуірдегі №514-1209 қаулысының негізінде жоспарлы түрде өткізіліп отыр.

Бұрын Отан алдындағы міндетін өтеп келген, енді жоспарлы оқу-жаттығу жиынына баратын азаматтар алдында Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник Айдын Сағынбеков айтулы іс-шараның мән-мазмұнын атап өтті.

«Меншік нысанына қарамастан, Астана қаласы ұйымдарының, кәсіпорындары мекемелерінің басшылары жиынға шақырылған әскери міндеттілердің келуін қамтамасыз етуде. Оқу-жаттығу әскери жиындарын өту кезінде шақырылған запастағы офицерлер, сержанттар мен сарбаздар үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс орны мен орташа жалақысы сақталады. Әскери оқу-жаттығу жиындарының даярлық бағдарламасын үздік өткен әскери міндеттілерге кезекті әскери атақ беріледі» деді Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы.

СЕРПІНДІ СЕНБІЛІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріз желілері, көшелер, тротуарлар, кварталішілік аумақтар, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жүргізілді. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу бойынша маусымдық агротехникалық жұмыстар, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды тазарту бойынша іс-шаралар, рұқсат етілмеген полигондарды жою сынды іс-шаралар кешені өтті. Полигонға 1000 тоннадан астам қоқыс жиналып, шығарылды, аялдама павильондарын, бағдаршам нысандарын, жерасты және жерүсті өткелдерін жуу және жөндеу жүргізілді, 4600 шақырымнан астам арық желісі тазартылды. Экология акциясы кезінде бес ауданның әрқайсысында ағаштар мен бұталар отырғызылды.

Тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді үлес қосуға әр тұрғын білек сыбана кірісті. Сондай-ақ ауқымды экоакциядан қала кәсіпкерлері де шет қалмады. Кәсіпкерлік нысандардың 5 мыңнан астам өкілі – кәсіпорындар, шағын және орта бизнес субъектілері, сауда орталықтары, салондар, кафелер, дүкендер, басқа да жеке

компаниялар мен ұйымдар өз нысанына іргелес аумақтарды қоқыстан тазартуға үлес қосты. «Ғашықтар» саябағын тазартуға қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының 100-ден астам спортшысы мен қызметкері қатысты. Басқарма басшысы Василий Левит мұндай экология іс-шаралары спортшылардың назарынан тыс қалмайтынын атады.

«Сенбілік – командалық рухты көтерудің және кез келген ұжымдағы психологияны жақсартудың тамаша тәсілі. Сенбілікке елімізге белгілі спортшылар, оның ішінде әлем чемпионы – елордалық ауыр атлет Едіге Емберді, сондай-ақ Астана құрамасының джиу-джитсудан спортшылары, нақтырақ айтқанда, Азия ойындарының алтын жүлдегері Нұржан Батырбеков қатысты» деді В.Левит.



Зейнеткерлер де қаланың тазалығына өз үлесін қосып, демалыс аймағын қоқыстан тазартты. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері «Байтақ» жасыл партиясымен бірлесіп, Республика даңғылы мен Мәскеу көшелерінің қиылысында орналасқан А.Пушкин атындағы алаңды тазалады. Бас-аяғы 20 зейнеткер өздеріне тапсырылған аумақты тазалап, айналаны безендіруге атсалысты.

«Нұра ауданының «Күміс волонтерлері» ұжымының белсенді аталары мен әжелері сенбілікке шықты. Біз өзімізге берілген ау-

мақты тазарттық. Астана тұрғыны болғандықтан, қаламызды өте жақсы көреміз, оның тазалығына өз үлесімізді қосуға тырысамыз» деді волонтерлер ұжымының жетекшісі Ләззат Өтегұлова.

Бұған дейін әкімдік қаланың үш жерінде «Орел мен решка» бағдарламасы форматында де-меушілерден әрқайсысы 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар жасырылғанын хабарлаған болатын. Аталмыш сенбілікте 3 астаналық ақшалай сыйлыққа ие болды. Солардың бірі – елордалық Гүлнәр Сұлтанқұлова орталық саябақта жасырылған ақша қораптарының бірін тауып,

қуанышымен бөлісті.

«Бұл сенбілік ерекше болды, өзім қатты қуандым. Менің 4 немерем бар. Бұл сыйлықты немерелеріме көрсетіп, оларға тәттілер сатып аламын. Жыл сайын сенбілікке шығамыз, қаламыздың әдемі, таза болғанын қалаймыз» деді жеңімпаз.

Екінші жеңімпаз – «Жасыл ел» компаниясының қызметкері Қуанышбек Жұматаев жүлдесін Ботаникалық бақтан тапса, үшінші жеңімпаз атын атамауды жөн көріп, жақсы көңіл күй сыйлап, экология акциясын ұйымдастырғандарға алғысын білдірді.



АУЛА БОЛЫП ҮЛЕС ҚОСТЫ



Астанада ауқымды экология акциясын өткізу барысында тұрғындар ұжыммен тазалауға белсенді қатысқан үздік аулалар анықталды.

Үздіктер қатарында Сарыарқа ауданындағы Н.Тілендиев даңғылы, 41/1-үй аласы «Үздік аула» дипломымен марапатталды. Нұра ауданында 5 аула үздік атанды, олар: «Мадрид», «Ситилейк», «Жағалау 4», «Копенгаген», «Мечта» ТК. Есіл ауданында Ұлы дала даңғылы, 54-үйдің аласы, «EXPO Plaza» ТК МИБ, Қабанбай батыр даңғылы, 40-үй бойынша «Инфинити-1» МИБ, Сауран көшесі, 5-үй бойындағы «Сауран 5» МИБ «Үздік аула» атағын алды. Байқоңыр ауданында «Үздік аула» атағына «Сезам» ПИК

(Кенесары көшесі, 51), «Кампус-2021» МИБ (А.Жұбанов көшесі, 10А) және «Тұлпар» ПИК (А.Пушкин көшесі, 7) ие болды. «Үздік аула» атағы Алматы ауданы бойынша «Тұрсын Астана» ТК тұрғындарына берілді. Акцияны өткізу барысында осы аулада ауланың кішкентай патриоттары үшін қызықты ойындар мен конкурстар, аниматорлардың қойылымы ұйымдастырылды. Сонымен қатар 5 ауданда ұйымдастырылған экоакцияға әр округтен сайланған қалалық мәслихат депутаттары да қатысты.



КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ КЕЛЕШЕГІ МОЛ

Елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуде «жасыл» экономика маңызды рөл атқарады. Әсіресе ауаның ластануынан сақтап, халықтың өмір сүру сапасын арттыру керек. Бұл ретте қалалар мен елді мекендерді газдандыруды шешу міндеті тұр. Ел орталығы – Астананы көгілдір отынмен қамту шаралары жүйелі іске асуда.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

XX ғасырдың 60-жылдары тың игерудің орталығы саналған Ақмола қаласын газдандыру ісі пысықталды. Нақтысы, 1963 жылы қаланың бірінші бас жоспары бекітіліп, онда шаһарды газдандыру жобасы қаралды. Бірақ іс аяқсыз қалды. 90-жылдардан Ақмоланы газбен қамтудың 3 жобасы әзірленді. Соның ішінде ең тиімдісі ретінде бағаланған Тобыл-Көкшетау-Астана бағытындағы «Батыс-Орталық-Солтүстік» жобасын айтуға болады. 2015 жылдың қараша айында елдің батыс және оңтүстік өңірлерін байланыстырған «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбыры іске қосылды. Бұл жоба орталық және солтүстік өңірлерді газдандыруға жол ашты. Сөйтіп, 2018-2019 жыл-

дың желтоқсан айларында «Сарыарқа» магистралды газ құбырының құрылысы жүргізіліп, елордадағы көгілдір отынның келуін толық шешті. Бүгінде астаналықтар қыста көмір тасып, құл шығару ма-шақатынан құтылды. Бұл жоба толық жүзеге асқанда, Астана қаласына бөлек, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қаласының және газ құбыры бойындағы 171 елді мекеннің 2,7 миллион тұрғынына жайлылық әкеледі.

Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары Жанар Бескемпірованың сөзінше, ауаның ластануы мен түтінмен күресудің басты шешімі – газдандыру.

– Бүгінде елордада 24,4 мың жеке тұрғын үйдің 12 мыңы газбен қамтамасыз етілсе, оның 10 мыңы газға қосылды. 1-ЖЭО және 2-ЖЭО қазандығы

газға ауысты. Әлеуметтік нысандарды жылумен қамтамасыз ететін 20 автономды қазандық газға қосылды. Бір газоблок шығаратын зауыт және 10 көппәтерлі үй көгілдір отынның игілігін көріп отыр. ЖЭО қазандықтарын газ отынына ауыстыру арқылы қайта құру кезінде ластаушы заттардың шығарындылары азот оксиді, күкірт диоксиді, көмірқышқыл, бейорганикалық шаң бойынша белгіленген нормативпен салыстырғанда төмендеді, – деді Жанар Бескемпірова.

Расында, көгілдір отын – «жасыл» экономиканың бір нышаны, ауаны ластаудан сақтаудың тиімді құралы. Мұны Астанадағы 1-ЖЭО, 2-ЖЭО газға қосылғаннан кейін қоршаған ортаға тигізетін әсері төмендегенінен байқауға болады. Мәселен, 2021 жылы шығарындыларының көлемі 55,4 мың тонна болса, 2022 жылы



БҮГІНДЕ ЕЛОРДАДА 24,4 МЫҢ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ 12 МЫҢЫ ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛСЕ, ОНЫҢ 10 МЫҢЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ. 1-ЖЭО ЖӘНЕ 2-ЖЭО ҚАЗАНДЫҒЫ ГАЗҒА АУЫСТЫ



48,3 мың тоннаға, 2023 жылы 39,2 мың тоннаға азайды.

Газдың игілігін көруге асығып отырған тұрғын көп. Әсіресе Шұбар аумағының тұрғындары қала және аудан әкімдігін жиі мазалайды. Бұған байланысты Энергетика басқармасы отын-энергетика ресурстары бөлімінің басшысы Максат Есмағұлов:

– Шұбарды газдандыру бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынды. Құрылыс-монтаж жұмысын жүргізу бойынша мердігер ұйым анықталды. Мердігер компания 5 шақырым газ тарату желісін салды. 2024 жылдың соңына дейін Шұбар аумағын газдандыру шешімін табады, – деді.

Бас қаланың орталығында тұратын шұбарлықтардың талабы орынды. Олар жұртпен бірге газдандырудың игілігін көрсек дейді.

Астанада газдандырылған үйлердің саны күн сайын артып келеді. Сарыарқа және Алматы ауданы газбен толық қамтамасыз етілді. Бұл бағытта 680

шақырымнан астам газ тарату желісі салынып, орамшілік желілер жөнделді. Байқоңыр, Есіл ауданында газ құбырын жүргізу кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қорғалжын тасжолы бойында орналасқан «Үркер» тұрғын алабына да газ жетті.

– Алғашқының бірі болып үйді газға қостық. Биыл қыс біз үшін жайлы болды. Жылдағыдай көмір тасып, ыс сасып, құл шығарудан құтылдық. Газды белгілі бір температураға қойып, емін-еркін өзге қалаларға сапарлауға жол ашылды. Үйге от жағылмаса жылыту жүйесіне мұз қатып, істен шығатын. Мұндай проблемадан арылдық, – дейді Үркер тұрғыны Жанар Серікова.

Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасы халықтың әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттырып, қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстың тозуын азайтады. Ендеше бағдарламаны жүйелі іске асыруға мән беру маңызды іс саналады.

– Көктал-2 тұрғын алабындағы Сарыөзен көшесінде тұрамын. Жер үйді жылыту, отын мәселесі бізді жыл сайын мазалайтын. Енді, міне, газға қосылып алдық. Үйде де, далада да, экология тұрғысынан алғанда, тазалық орнады. Күн суыса жылуды көбейтеміз, ыстық болғанда сөндірміз. Жалпы тұрмысымыз едәуір түзелді. Осы жұмысты қолға алған Мемлекет басшысына, газды қосудың техникалық жағын қамтамасыз еткен қала басшылығына да рақмет айтатын! – деді қала тұрғыны Нүркелді Аман.

Қала тұрғындарының өз үйін газға қосу үшін құжаттар жинау туралы өтініші ескере отырып, құжаттар тізімі екі есе қысқарды. Бұрын құжаттарды жинау үшін 6 айға дейін уақыт кететін. Бұл шара Мемлекет басшысының «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиясыздандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында қабылданды.

ЕЛ КӨЛЕМІНДЕ ГАЗДАНДЫРУ 60 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ. ДҰРЫСЫ, 12 МИЛЛИОН АДАМ КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. БҮЛ КӨРСЕТКІШКЕ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОСЫМША ЖЕЛІЛЕРДІ САЛУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖЕЛІЛЕРДІ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЕСЕБІНЕН ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Астанада абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. «Астана – жайлы қала» мастер-жоспарының тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында елорданың барлық аудандарында қыстан кейінгі санитарлық тазалау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл ретте қаладағы көпірлер, түрлі белгілер, қоршаулар, ескерткіштер жуылып, гүлзарлар, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер қоқыстардан тазартылды, қоқыс жәшіктері сырланды және арнайы техниканың көмегімен тротуарлар мен жол жабындарын механикаландырылған тазалау жүргізіліп, жол жиектері тазаланды.

Елорданы көгалдандыру және абаттандыру мәселесіне шаһар басшысы да ерекше мән беріп келеді. Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, өткен жылы елордада 165 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды. Орталық жағалауға іргелес жатқан тарихи көшелер реконструкцияланды.

– Жұртшылықтың жайлы өмір сүруіне, отбасы, балаларымен бірге сейіл құруына арналған қолайлы орындар көбейді. Мәселен, 2023 жылы Астанадағы Амман және Абылай хан көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер өткелі ашылды. Олар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін жалғайды. Біз елорда тұрғындары мен қонақтары бос уақытын пайдалы өткізе алатын орындар санын кеңейту үшін ғана емес, сонымен қатар қаладағы саябақтар мен гүлзарларды қайта құру үшін де жұмыс істеп жатырмыз. Былтыр 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Олардың бір бөлігі «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша жүзеге асырылды, – деді қала басшысы.



Сонымен бірге Қ.Сәтбаев көшесінің бойында жаяу жүргіншілерге арналған променада абаттандырылды. Көгалдандыруға ерекше назар аударылды, нәтижесінде бұл жер елорданың ең жасыл көшелерінің біріне айналды. Зыңдығы 3 шақырымнан асатын Ақбұлақ жағалауы Амман көшесінен Шөкәрім Құдайбердіұлына дейін абаттандырылды. «Амман» және «Абылай хан» көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер жолы жасалды. Салтанат қақпасы жанындағы саябақ абаттандырылды, Бөгенбай батыр даңғылының бойында стихиялық сауда ретке келтіріліп, реновация жүргізілді. Осыған дейін көпқабатты кешен салу жоспарланған 9 орында гүлзарлар мен қоғамдық орындар пайда болды. Айтуынша, биыл да елорданың сырт келбетін жақсарту, жасыл желектер мен жайлы қоғамдық кеңістіктер ашу жұмысы жалғасады.



АСТАНАНЫ АБАТТАНДЫРУ – АУҚЫМДЫ ІС

Мемлекет басшысы су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру жөнінде бірқатар тапсырма берген болатын. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екенін атап өтті.

Өткен жылы елорданы көгалдандыру бойынша айтарлықтай жұмыс атқарылып, жасыл желектер саны 2,5 есе артты. Сондай-ақ Есіл өзенінің сол жағалауындағы тарихи көшелер: Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр көшелері қайта жаңғыртылып, сол арқылы серуендеуге арналған үлкен кеңістік ашылды.

мен қоқыс жәшіктері, тіпті спортпен айналысамын дегендердің шынығуы үшін де барлық жағдай жасалған.

Қазіргі кезде Астанада тротуарларды жөндеу, көшелердегі шұңқырларды жөндеу жұмыстары басталды. Саябақтарда, гүлзарларда және басқа да қоғамдық орындарда аумақтар тазартылуда. Мысалы, Нұра ауданының аула аумақтарында 35 балалар ойыны кешенін, 40 орындық пен қоқыс жәшігін, 120 метр қоршауды, 3 футбол және 2 баскетбол алаңын жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады.

Ағымдағы жылдың мамыр айында «Жағалау» шағын ауданын кешенді абаттандыруға кірісу жоспарланып отыр. Жұмыс аясында 2 гүлзар және 7 балалар алаңы абаттандырылады. Жол инфрақұрылымын жақсарту үшін 20 бейнебақылау камерасы, 55 жарықтандыру тірегі орнатылады, 150 қосымша тұрақ орны және 9 км жаңа тротуар желісі жабдықталады. Абаттандыру аумағында 2 мыңға жуық жас ағаш отырғызылады.

Алматы ауданында субұрқақ кешендерін консервациялау, брусчатка төсеу, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Биыл ауданда 70 балалар алаңын жөндеу, 5 мың м² тас төсемді қалпына келтіру, 200 қоқыс жәшігін орнату жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Тәуелсіздік даңғылы (Ақбұлақ өзенінен Б.Момышұлы даңғылына дейін), Абылай хан даңғылы (Күйшілер аллеясы), Т.Жүргенов көшесі (Р.Қошқарбаев даңғылынан Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін), Ақбұлақ өзенінің жағалауы Абылай хан даңғылынан Амман көшесіне дейін және т.б. жерлерде абаттандыру жұмыстары көзделуде.

КӨШЕ КӨРКІ – КӨШЕТТЕР

Астанадағы ауласы көп аудан – Сарыарқа ауданы. Бүгінгі

ЕЛОРДАНЫ АБАТТАНДЫРУ БАҒЫТЫНДА СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА 1 МЫҢНАН АСТАМ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ 181 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК ПЕН 873 АУЛА ЖАҢАРТЫЛЫП, САЯБАҚТАР МЕН ГҮЛЗАРЛАР, ЖЕЛЕКЖОЛДАР ПАЙДА БОЛДЫ

таңда ондағы 90-ға жуық аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары шағын архитектуралық қалыптарды жөндеу, төсеніштерді жаңарту, орындықтарды, қоқыс жәшіктерін ауыстыру және т.б. жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ аудандағы қоғамдық кеңістіктер мен саябақтарды қалпына келтіру жалғасуда. Қаланың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Баршын көшесінен Күмісбеков көшесіне дейінгі Тілендиев даңғылындағы тас төсемді ауыстыру жұмыстарын бастады. Аудан әкімдігіндегі баспасөз қызметінің хабарлауынша, көшелердегі шұңқырды жөндеу бойынша 60-тан астам өтінім пысықталды. Аудан аумағында апатты ағаштарды кесу, қамыс пен арамшөптерді шабу жұмыстары істеліп жатыр.

Есіл ауданында 8 мекенжай бойынша брусчатка бойынша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, Мақатаев көшесі Есіл өзенінің жағасында, Алматы көшесі Сауран көшесінің қиылысында, «Манас» гүлзары және т.б. 16 шақырым қоршау жуылды, 300 м қоршау жөнделді.

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Биыл Байқоңыр ауданында абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Саябақтарда, гүлзарларда, сондай-ақ аула аумағында 60-қа жуық балалар ойыны кешенін, 70 метрден астам турнирлік қоршауларды, 4 футбол және 3 баскетбол алаңдарын жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар 5 алаң мен 35 ойын алаңын абаттандыру жоспарланып отыр. Аудандық баспасөз қызметі мамандарының айтуынша, жол инфрақұрылымын жақсарту үшін 7 шақырым тротуар желісі жабдықталады, бейнебақылау камералары, 30-дан астам жарықтандыру тіректері және т.б. орнатылады.

Елорданы абаттандыру бағытында соңғы бес жылда 1 мыңнан астам жоба іске асырылды. Соның нәтижесінде 181 қоғамдық кеңістік пен 873 аула жаңартылып, саябақтар мен гүлзарлар, желекжолдар пайда болды. Қысқасы, Астананы қала тұрғындары мен қонақтары үшін орнықты, жайлы және қауіпсіз ету үшін ары қарай дамыту жұмысы жалғасуда. Тұрғындардың тұрмысына қолайлылық жасап, жайлы орта әзірлеу үшін істелген бұл жұмыстарға астаналықтар да дән риза.

Елорданың ескі бөлігі мен қаладан сыртқары орналасқан елді мекендерге де көбірек көңіл бөлінуде. Мамандардың мәлімдеуінше, осы бірігі дестүр алдағы уақытта лайықты жалғасын табады. Себебі Астананы абаттандыру – Мемлекет басшысының тікелей бақылауында.



№45 (4633) 16/04/2024 Сейсенбі

Сұлтанбек Қожановтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өмірі мен қызметі туралы көптеген кітаптар жазылып, естеліктер айтылып келеді. Сондықтан да оларды қайталап жатпай-ақ қояйық. Дегенмен де оның аш-жалаңаш халқына қорған болғандығын, қандастарын ашаршылық әбжылының аузынан арашалап қалғандығын айтпай кетуге болмайды. Заманында Ленинмен, Сталинмен кездесіп, олардың оң бағасына ие болған Сұлтанбектің туған халқына жасаған қамқорлығы шексіз. Кезінде алдынан кесе-көлденең кісі өтіп көрмеген қатал мінезді Сталиннің өзімен терезесі тең дәрежеде сөйлесіп, тіпті әзілдеп білген Сұлтанбектің қаймықпас қайсарлығына, ер мінезіне қайран қалмасқа шара жоқ. Жазушы С.Мұқановтың «Өмір мектебі» атты кітабында Сұлтанбектің досы, серігі Дүйсенбай Нысанбаевтың пікірі былай берілген:

«...Сәдуақасовты білмеймін, Қожанов өзге түгілі, Сталиннің өзімен де жұдысқа кетуге тайынбайтын адам. Бір жиналыста Сталин С.Қожановқа қалжындап: «Қалың қалай, Шыңғысхан?» десе, Қожанов оған: «Мен емес, Шыңғысхан өзің ғой» депті. Ол сондай батыл сөйлейтін адам.


С.Қожанов 1921 жылы Москвада Кеңестердің Бүкілресейлік ІХ съезінде сөз сөйлейді. Сол кезде ол Лениннің көзіне түсіп, назарына ілігеді. Сөйтіп, көсем оны өзіне шақырады». Жарайсың, қызқанды қырғыз!» деген Ленинге Сұлтанбек: «Қызқанды қырғыздар әлі салқын далада жүр, Владимир Ильич. Олар әлі сізге жеткен жоқ. Бірақ келеді, өзіңізбен, сөз жоқ, кездеседі!» деп іле жауап қайтарады.

Ал замандасы Нұртас Оңдасынов С.Қожанов туралы: «Ол «халық жауы» болған жоқ, қайта өз халқының жарқын болашағы үшін күресті, сол үшін жазықты болды, сол үшін шыбын жанын құрбандыққа қиды. Қазақ елінің тұтастығы, тәуелсіздігі жолында тер төккен тұлға еді. Қазақ халқы атынан сөйлеген, жұрттың жоғын жоқтаған арлы да алғыр азамат болатын» дейді.

Сұлтанбек Қожанов 1894 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Ақсұмбе елді мекенінде дүниеге келді. Жастайынан ауылда ескіше хат таныған, оқуға ынталы, елгезек Сұлтанбек Түркістан қаласындағы орыс-түзем мектебін бітіріп, соңынан сондағы қалалық үш жылдық училищені үздік аяқтап, 1913 жылы Ташкенттегі оқытушылар семинариясына түседі. Осы күннен бастап, ол үлгілі оқумен қатар елдің жоғына көңіл бөлетін, халықтың жағдайымен санасатын қамқоршы азамат боп қалыптаса бастайды. Жастар арасында өзінің талантты ұйымдастырушылығымен ерекше көрініп, әртүрлі үйірмелердің ұйытқысы болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс салдарынан Түркістан өлкесі халықтарының әбден күйзеліске ұшырауы сол кездегі саналы жастарға ой салып, олар әртүрлі ұйымдарға топтаса бастады. С.Қожанов Ташкентте 1915-1916 жылдар тұңғыш ұйымдастырылған «Кенес» деген құпия ұйымға белсене қатысып, көзге көрінген басшыларының бірі болып, «Бірлік туы» газетіне редакторлық етті. С.Қожанов елдегі орын алған ашаршылыққа қарсы күреске белсене атсалысып, аштықпен күресетін комсомисияның мүшесі ретінде Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Арыс, Қызылқұм, Шиелі, т.б. өңірлерде ашыққан

адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашып, көшеде босып жүрген жетім балаларды аштықтан аман сақтап қалу үшін басына, колония, жетім балалар үйін ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді. С.Қожановтың Түркістан өлкелік халық ағарту комиссары болып істеген 1922-24 жылдардағы қызметі елдегі сауатсыздықты жою, мектептерге мұғалімдер дайындау мәселесі болды. Ол Ташкенттегі халық ағарту институтын ашуға атсалысып, оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Петроград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. С.Қожанов 1921 жылы Кеңестердің бүкілресейлік съезіне делегат болып қатысып, жер-жерлерде мектептерді көбейту, институттар ашу арқылы кадрлар дайындау проблемаларын көтерді. Ол 1920 жылғы қыркүйекте Түркістан Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшелігіне сайланады. Осы өлкенің ішкі істер халық комиссары болып тағайындалады. Сол кезде ел арасында кең жайыла бастаған «Соғыс коммунизмі» саясатының белең алуына шек қойғызды. Зорлық-зомбылықпен қара халықтың аузындағы азығын тартып алуына жол бермеу, оның орнына Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың әл-ауқатын жақсарту туралы мәселелерді күн тәртібіне қойды. 2022-1924 жылдары Түркістан жер шаруашылығы халық комиссары лауазымында жұмыс істеген кезде, ол ауылдың жағдайына ерекше көңіл бөліп, өлкендегі жер-су реформасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат беру бағытын ұстанды.

С.Қожанов 1920-1924 жылдары Түркістан Республикалық Кеңесі V-VIII съездеріне және Түркістан коммунистік партиясының XIII съезіне делегат болып қатысты. Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, соңынан біраз уақыт төрағасы болып қызмет етті. 1924 жылдың соңына дейін Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы, Қазақ орталық атқару комитетінің мүшесі болып жұмыс істеді. 1925 жылы қарашада БК(б) Орталық комитетіне шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 жылы Ташкентке, Орта Азия Бюросына қызметке жіберілді. Мұнда ол үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, хатшы болды. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929 жылы Орта Азия мақта-иригациялық политехника институтын (САХИПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1929-31 жылғы Орта Азия мақта кентінің директоры қызметін атқарды. 1931-32 жылы БК(б) П ОК аппаратында, 1932-1933 жылдарда Мәскеуде «Союззаготовлопок» меңгерушісінің орынбасары болып істеді. 1934-1937 жылдары Ташкентте КСРО егіншілік халық комиссариатының Орта Азия республикалары бойынша өкіл қызметін атқарды. С.Қожанов негізгі міндеттерін қоғамдық ғылыми-шығармашылық жұмыстармен ұштастырып отырды. Мектепке арналған «Есептану құралы» атты оқулығы (1924), «Түркістанның Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып шықты. С.Қожанов өзіне қауіпті болса да,



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ КҮРЕСКЕРІ

Қасиетті де қазыналы қарт Қаратаудың соңғы сілемдері жетіп жығылатын тұстағы Ақсұмбе ауылынан кезінде арман қуып аттанған балаң жігіт Сұлтанбек Қожанов өзінің бойына біткен асыл қасиеттері – алғыр қабілеті, терең білімі, қайсар мінезі, қара қылды қақ жарған әділдігінің арқасында халыққа тез танылып, қоғамдық өмірге белсене араласты.

көптеген ақыл-ой, көркем сөз алыптарына, әдебиет, мәдениет қайраткерлеріне барынша көмектесіп отырды. Ахмет Байтұрсынұвының 50 жылдық торқалы тойын жоғары дәрежеде өткізіп, газетке той іесінің портретін, өз жазған мақаласын жариялады. Ол Байтұрсынұвы қазақ зиялыларының атасы деп есептеді. «Байшыл», «ұлтшыл» деп, қудаланып жүрген Мағжан Жұмабаевқа қол ұшын беріп, 1923 жылы Қазақстанда тұңғыш жинағының шығуына көмектесті. Жинақтың алғы сөзінде С.Қожанов: «Қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі... өнерге асатын бай, жатық өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады» деп жазды. С.Қожанов қазақ әдебиетінің деңгейін көтеру үшін біз А.Байтұрсынұвын, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, С.Дөнентаевтың, С.Торайғыровтардың шығармаларына көп көңіл бөлуіміз керек деген бағыт ұстады. С.Қожанов 1937 жылы 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Сұлтанбек Қожанов – ғұмыры қасіретке толы тұлға. Ол 1938 жылы халық жауы ретінде ұсталып, атылды. С.Қожанов 1958 жылы ақталса да, ірі мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, соңғы кезге дейін өзінің тарихи идеясының саяси ақталуымен қатар, ұлттық құндылықтарды қоғамдық-саяси қызметінің басты ұстанымына айналдырған С.Қожановтың тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар арнаулы зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, Т.Қожақеев, Р.Бердібай, Ә.Төкенов, Ә.Сұлтанбеков, Д.Тұрантегі, В.Қойшыбаев, М.Қойгелдиев, А.Шәріп, Х.Тұрғын, Ж.Әлімашұлы және өзбекстандық тарихшылар Р.Я.Раджапова, С.Тілеуқұлов, мәскеулік профессор А.Арапов және т.б. тарихшы, әдебиетші ғалымдардың зерттеулерінде қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы ұлтжанды, мемлекетшіл, Алаш рухты азамат ретінде таныла бастады. Әйтсе де, қайраткердің қоғамдық-саяси

қызметі мен әдеби мұрасын зерттеп, зерделеу өз деңгейінде әлі де жүргізілмей келді. Оның негізгі себебі С.Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған ұлтжандылығы болды. Кеңес өкіметі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасағандар ақталып, олардың тұлғасы советтік тәрбиенің идеясына айналдырылды. Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық күреске ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С.Қожанов сияқты партия қайраткерлерін ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл кеңестік биліктің ұстанған саясаты еді. С.Қожанов қай жерде жұмыс істесе де бірінші кезекке ұлттық мүддені қойды. Ұлттық мүдде үшін ымырасыз күресті. Өз мүдделерін ойлап, партияның саясатын ғана қолдап отырған кейбір қайраткер өріптестерінен ерекшелігі – қай қызметте болмасын алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәт те

қол үзген емес. 1924-1925 жылдары С.Қожановтың Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған кезеңі, оның мемлекет және қоғам қайраткері есебінде жарқырай танылған кезі болды. 1920 жылы тамыз айында Қырғыз (қазақ) автономиялы облысы, одан кейінгі Қазақ автономия республикасының құрылуы – оның ұлттық, территориялық тұтастығын қалыптастырып, тарихи атауын қалпына келтіру арқылы мемлекеттілікке жаңа мазмұн беріп, дамуының болашақ бағдарын айқындап берді. 1925 жылы сәуірде Қазақ кеңестерінің V съезінде, С.Қожановтың ұсынысымен қазақ халқы тарихи атауын (патшалық тұсынан бұрмаланып қалыптасқан «киргиз») деген атты төл атауына – «қазақ» атауына түзетіп қайтарып, астанамыз Қызылорда қаласы болып өзгерді. Сұлтанбектің семсердей өткірлігі мен темірдей терең логикасы арқасында қазақ халқы өзінің тарихи атына ие болды. Біз империялық отаршылық кезінде еріксіз танылған «қырғыз-қайсақ» деген жалған атымыздан біржолата құтылды.

1925 жылы жазда Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Нанейшили Мәскеуге шақырып алынды да, оның міндетін атқарушы болып, өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы С.Қожанов қалды. Республика партия ұйымының бірінші басшысын қазақтан шыққан қайраткерден сайлаудың реті келіп-ақ тұрды. Алайда ұлттық мүддені зиялы қауымы арасындағы алауыздық, көреалмаушылық, «ұлтшыл», «алашордашы» деген саяси айыпталуларға қатысты С.Қожанов Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 жылы ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болды. Ол хатында былай дейді: «Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым. Отаршылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға; Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге; «Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына; Орталық Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға; Қазақстанның орталығын

Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым». С.Қожановтың жазған хатының мазмұнының өзі оның ұлттық және мемлекеттік тұрғыда ойлайтын үлкен қайраткер тұлға екенін көрсетеді. Егер ауызбіршілік болып, республика партия басшылығына С.Қожанов келгенде, Ф.Голощекиннің Қазақстандағы «Кіші октябрь» төңкерісі болмай, қазақ ашаршылықтан қырылған болар ма еді? С.Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптау саяси науқаны Ф.Голощекин мен оның жаңдайшаптары арқылы кең өріс алды. С.Қожанов 1938 жылы «халық жауы» болып атылғаннан кейін де оны қаралау науқаны кең көлемде жүргізілді. Сол кездегі және одан кейінгі кездегі ұлттық зиялы бірқатар зиялы қауым өкілі «қожановшылықты» барынша ашкерелеуге тырысып бақты. 1957 жылы ол ақталғаннан кейін де, сол жазғыштар республикадағы саясатқа өз ықпалдарын тигізіп, С.Қожанов туралы шындық 1980-жылдардың соңына дейін толық айтылмай келді. Тіпті, 1985 жылы шыққан Қазақ ССР тарихи очерктерінде С.Қожановты ұлтшыл, оңшыл, уклонист деп көрсеткен. Ел тәуелсіздігін алғашқы жылдары тарихымыздың ақтандықтары зерттеліп, туған жерімізді нұшайын ұшымен, білектің қуымымен қорғап, бүгінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырған, аттары аталмай келген, еліміздің қалыптасуына ерен еңбегі сіңген хандарымызды, батырларымызды, билерімізді, мемлекет және қоғам қайраткерлерін, ақын-жырау, жазушыларымызды мерейтойлары халық өзі бастама болып тойлап жатты. Осы үлкен маңызды шараларды бір жүйеге түсіру мақсатында республика үкіметі 1993 жылы сәуірде «1993-1995 жылдары республикада мерейтойларды атап өту туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда кімдердің мерейтойлары қай кезде, қай жерде өтетіні толық көрсетілді. Жала жабылып, халық жауы болып атылып кеткен, елімізге еңбегі сіңген ағаларымыздың 100 жылдық мерейтойларын өткізудің 1993-1995 жылдары жоспарланған тізімі бекітілді. Алайда осы қаулыда 1994 жылы 100 жасқа келетін С.Қожановтың мерейтойы туралы ештеңе айтылмапты. Менің Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары қызметінде өткізуді ұйымдастыру керек. Сонымен бірге С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінде топтық, таптық, тіпті партиялық мүдделердің аясында қалып қоймай, әркез ұлттық, мемлекеттік биіктен табылып отырды. Бұл – біздің ескелең ұрпақ үшін өте қажет үлгі-өнеге.

Қайраткер Қожановтың біз білмейтін қыры мен сыры қаншама десеңізші?! Алдағы уақытта соларды зерттеп, халқына табыс ету, ғылыми еңбектер, көркем шығармалар жазу – ғалымдардың, зерттеушілердің, жазушылардың, асыл тұлғаны қадір тұтатын барша халықтың қасиетті борышы.

Қуаныш АЙТАХАНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері

Тәуелсіздік жылдары С.Қожановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында елімізде көптеген іс-шара атқарылды. Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Арыс тағы басқа көптеген елді мекендерде көшелерге, мектептерге С.Қожановтың есімі берілді, ескерткіштер, бюсттер орнатылды, кітаптар шығарылып, пьесалар жазылып, сахналанды, мектеп оқулықтарына есімі енгізілді. Былғы жылы Астана қаласындағы үлкен мектеп-гимназияға С.Қожановтың есімі берілді.

Алдымызда С.Қожановтың 130 жылдық мерейтойын республика деңгейінде атап өту міндеті тұр. Енді тиісті құзыретті органдар мерей той өткізуге ерекше мән беріп, Астана қаласындағы «Жерұйық» сабағынан С.Қожановқа ескерткіш қою үшін арнайы бөлінген орынға, оның еңселі ескерткішін орнатуды, С.Қожанов туралы жазылған «Сталинмен бетпе-бет» тарихи драмасын (авт. Ж.Әлмашұлы) Астана театрында сахналауды, Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында, Түркістан облысының аудандары мен елді мекендерінде С.Қожановтың туғанына 130 жылдығына орай әртүрлі іс-шараны жоғары деңгейде өткізуді ұйымдастыру керек. Сонымен бірге С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінде топтық, таптық, тіпті партиялық мүдделердің аясында қалып қоймай, әркез ұлттық, мемлекеттік биіктен табылып отырды. Бұл – біздің ескелең ұрпақ үшін өте қажет үлгі-өнеге.

Қайраткер Қожановтың біз білмейтін қыры мен сыры қаншама десеңізші?! Алдағы уақытта соларды зерттеп, халқына табыс ету, ғылыми еңбектер, көркем шығармалар жазу – ғалымдардың, зерттеушілердің, жазушылардың, асыл тұлғаны қадір тұтатын барша халықтың қасиетті борышы.

ҚАЗАҚЫ ЕМДЕ ДЕ ҚАСИЕТ БАР

Астанада ана мен баланың денсаулығын қадағалайтын емдеу, денсаулық сақтау орындары аз емес. Медицинаның дамуы мен дәрігерлердің біліктілігінің артуына сай қазір бас қалада ана мен баланың өміріне қатер төндіретін себептер азайды. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің мәліметіне сүйенсек, жыл сайын елордада 33 мыңнан аса сәби дүниеге келеді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ЕМДЕУГЕ ДЕ ТӘЖІРИБЕ КЕРЕК

Балалар денсаулығы және олардың сау денелі өсіп-жетілуі – бүкіл әлем баса назар аударатын негізгі түйін. «Адам мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» деп түйіндеген халқымыз ұрпақтың денсаулығы мен тәлім-тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Қазіргідей медициналық орындар жоқ кезде қазақ даласында әйелдерді босандыратын, балалардың ауруын қазақ әдіспен емдейтін көргені көп, қолы шипалы адамдар болған. Олар халқымыздың ежелден келе жатқан халықтың медицинасына сүйене отырып, балаларды сырқатынан айықтырып, қатарға қосып отырған. Қазірде кейбір сырқаттарды әлі де қазақы емдеу жолымен сауықтырып жүрген емші-дәрігерлер де жоқ емес. Соның бірі – Күлзихан Шеткәрімқызы.

Көршілері «емші апа» деп атап кеткен Күлзихан Астананың іргесінде тұрады. Қытайда аудандық ауруханада 30 жылға жуық қызмет істеген ол бала денсаулығына қатысты көптеген тәжірибе жинақтаған. Әсіресе, қазақы ем-дом мен осы заманғы емдеуді ұштастыра дауалайтын ол талай баланы сырқатынан айықтырды.

– Малшы балаларының көбі шетпе, ілме сияқты аурулармен ауырып келеді. Оны Қытайда ас қорыту жүйесі бұзылған деп емдейді. Кейде тіпті антибиотиктер құйып, дәріні үсті-үстіне сабалап беріп жатса да, баланың ыстығы қайтпай, құсып, іші өтіп жағдайы ауырлай түседі. Сондай кезде шетпесін қиып, ілмесін үзіп беріп жолға саламын. Шынын айтайын, ол жақтың жаңа замандық медицинасында да, бұл жақтың медицинасында да шетпе, ілме деген ұғым жоқ. Астанаға келгені де талай баланың шетпесін қидым, – дейді Күлзихан апа.

– Қазақ ауылдарында шетпе қиятын арнаулы адамдар болады. Қозының қос кіндік ауруын да тәжірибелі малшылар өзі емдеп жазып алады ғой, дәл сол сияқты халық арасында шетпені емдейтін адамдар болады. Менің әкем де шетпе қиюдың шебері еді. Мен сол кісіден үйреніп, оны осы замандық емдеу әдісімен ұштастырдым, – дейді ол.

– Қазір медицинаның дамуына рас. Астанада балалар ауруын емдейтін ауруханалар да жылдан жылға көбейіп келеді. Бірақ бұл орталықтар да арғыдан жалғасып келе жатқан халқымыздың емшілік өнерін ескермейді. Оташылық, шет-



пе қию, ілме үзу, бұлауға салу сияқты емдеу тәсілдерін неге қолданбасқа? Қазақтың халық емінде де қасиет бар. Оны осы заманғы емдеу тәсілімен де бірлестіру керек, – дейді Күлзихан Шеткәрімқызы.

ШЕТПЕ ДЕГЕН НЕ?

Шетпе – балаларда көп кезігетін сырқаттың бірі. Ол туа шетпе, жел шетпе, қан шетпе, ала шетпе деп төртке бөледі. Туа шетпе баланың іштен шетпе болып туғанын меңзесе, жел шетпе көбінде ас қорыту жолының, асқазан-ішек қызметінің әлсіздігі және іште жүрген кезде жел тию, ананың кіндігінен өткен суық пен тер қатудан да пайда болады. Ал қан шетпе балаларда ыстық-суық алмасуының қалыпсыздығы мен қан айналыстың тосқындыққа ұшырауы себебінен болады, тұқым қуалайды, баланың әке-шешесі бала кезінде шетпе болған болса, олардан туған баланың шетпе болу ықтималдығы да жоғары болады, сондай-ақ түрлі вирустың және бактерияның жұғуынан да қан шетпе пайда болады.

– Шетпе болған балалар көбінде мазасызданып, шалқалап жылайды, керіліп, қолды-аяққа тоқтамайды. Іші ірмектеніп өтіп, ішкенін құсады, дене қызуы көтеріліп, асқа тәбеті тартпайды, мейірі қанып ембейді және бесікке жатпай безектеп жылайды. Шетпесі асқынғанда денесі көгеріп тарғыданады, көзіннің ернінің айналасы көкшіл тартады. Ішінара балаларда бір аяғы бір аяғынан қысқарады (баланы етпетінен жатқызып, қылта сызығын бір-біріне туралағанда екі аяғы бір-біріне қысқа көрінеді), бұл – дененің тітіркенуі мен қан айналысының жақсы болмауы себебінен болатын жағдай. Жел

шетпені уағында емдемесе, қан шетпеге айналады. Қан шетпені уағында қимаса, бала өліп қалуы да мүмкін. Шетпенің бұл түріне жаңа туған нәрестеден тартып, 10 жасқа дейінгі балалар да шалдығады, – дейді Күлзихан Шеткәрімқызы.

Күлзихан апаның айтуынша, қан шетпе болған балаға укол-дәрінің өнімі болмайды. Мұндай баланы уақытты өткізбей дереу шеткен жөн. Оны шеткенде қан тамыр қуалап, қазан толмастың үстінен және екі бүйірден болып туғанын меңзесе, жел шетпе бодды, осы екі тамырдың субе қабырғада түйіскен жерінен шетеміз. Осылай істегенде денені іркілген, ұйған қан лезде тарап, бала дереу тынышталып, серги қалады. Шетпе қиған кезде «қан тарту» деген ұғым бар, яғни шетпесін қиятын кезде баланы анасы немесе әкесі, жақын адамдары, жүрегі жұмсақ адамдар ұстамауы керек. Олар ұстаса, қан шықпай қояды.

Айта кетейік, шетпені балаларда үнемі кезігетін кейбір сырқаттардан айыра білу және дұрыс шету ерекше маңызды. Жел шетпе болған баланың күтімін жақсартып, тақыл-тақыл азықтандырып, денесін тарап, көп сылау керек. Тым қалың киім кигізбей, қоңыр салқын ұстау керек. Көкбауырды қуаттап, ішек қызметін жақсартатын дәрілерді беру, баланың денесін бір уақ құрғақ үнмен тарап тұрса немесе тұзы бар сары маймен күнделік сыласа да жел шетпе болған бала тез жазылып кетеді. Бұған күш бермейтін, жел шетпенің асқынған түрі болса, лақ сойып, тоқ ішегін баланың кіндігіне қояды. Мұнан сырт, баланың ішіне құрқылтайдың ұясын қою, сары май салынған қарынды тарту және нәлі шыға-

тын көк шүберекке орау сияқты ем-домдар да бар.

ЕСКЕРСЕҢ, ЕМ БОЛАР

Қазір Күлзихан Шеткәрімқызына келіп баласын емдетіп, шетпесін қидырып, жабысқан жауырынын аштырып қайтатын жас аналар аз емес. Күлзихан апаның үйіне әңгімелескелі барған біз де біраз жайға күә болдық.

– Астананың Алматы ауданында тұрамын. Балам туылғалы шырқырап жылай берді. Өзіміз қарасты емханаға апарсам, дәрігерлер «ішінде жел бар» деп екі-үш түрлі дәрі жазып берді. Ол дәріні берсем, бірер сағат тынышталады да, қайта жылайды. Басқа дәрігерлерге де апарып көрдім, бәрінің айтағыны жел. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып, әбден қалжырап жүргенде «емші апа бар» деп естіп осы кісіге келдім. «Жел шетпе екен жауырыны да жабысқан» деп емдеп еді, сол күннен бастап жылағаны азайды. Ұйқысы да тыныш, – дейді Санат есімді 4 айлық сәби бар жас келіншек.

– Әйел адам екіқабат кезінде көкөністі көп жесе де бала жел шетпе боп туады. Қазіргі жастар екіқабат кезінде денсаулыққа көңіл бөлмейді, кіндігі ашық жүреді, кіндігінен суық өткен әйелдің баласы да аурушаң, әлсіз туылады. Мына келіншек те екіқабат кезінде «ғылыми жолмен» тамақтанып, көкөністі көп жеген екен. Уағында сыламаған соң, жауырыны да жабысып қалыпты, – деді Күлзихан апа.

– Бұрын баланы бесікке салуға қарсы едім. Қазақы ем дегенді де білмейтінмін. Ал қазір мына баламды бесікке бөлеп жүрмін. Тұзға шомылдыру, қойдың майымен сылауды да емші ападан рахаттанып ұйықтайды-ай келіп, – деп сөз қосты Санат.

– Қазақ жаңа туған баланы қырқынан шыққанша бір күн тұзды суға, бір күн сабынды суға салып, құйрық маймен жылайды. Баланың жауырыны жабысып қалса да жылай берді. Сондықтан «өс-өс» деп сылап қол аяғын жазып отыру керек. Өткен жылы «Балам шырылдап жылай берді, дәрігердің берген дәрісі көмектеспеді. Ұйқы жоқ жүргеніме неше ай болды, көмектесіңізші, апа» деп бір жас келіншек келді. Өзі қазақшаны әзер сөйлейтін орысша оқыған әйел екен. Баласы қан шетпе екен. Маған шетпесін қидырды. Үш жерден шетіп жібергенде бала жайланып сала берді. Жақында сол келіншек баласын көтеріп келіп, рақмет айтып қайтты. Бұрын қазақ тіліне де мұрнын шүйретіп сылқым қазақша емнің қасиетіне таң қалып, таңдай қағып отыр. Мақтанғандай болмайын, мен мұны қазақы дәстүрлі емдеудің де кереметі барлығын аңарту үшін айтып отырмын, – деп Күлзихан Шеткәрімқызы әңгімесін доғарды.

Көптеген күрделі ауру түрлері күндізгі стационарда оңалтуды қажет етеді. Оңалту қызметі балаға да, ересек адамға да түрлі диагноз бойынша көрсетілуі қажет. Негізі әр емханада оңалту бөлімшесі болуы керек. Бірақ қазіргі таңда елордада толыққанды оңалту бөлімшелері №10 және №4, 7, 5 емханаларда ғана бар. Сонымен қатар «Жұлдыз-ай», «Қамқорлық» деген сияқты бірқатар оңалту орталықтары жұмыс істейді.

ОҢАЛТУ БӨЛІМШЕСІ – ӨЗЕКТІ ҚЫЗМЕТ

Райхан РАХМЕТОВА

Солардың ішінде ең ауқымды оңалту бөлімшесі қалалық №10 емханада он жылдан бері халыққа қызмет көрсетіп келеді. Аталған бөлімшенің меңгерушісі, реабилитолог дәрігер Айгүл Серікқызы аса күрделі қызметтерді күн сайын қиын жағдайдағы адамдарға көрсетіп жүрген ұжым жұмысы туралы айтып берді. Емхананың бесінші қабатында орналасқан оңалту бөлімшесінің негізгі міндеті – толық емделіп кеткісі келетін науқастарға күн сайын үміт сыйлау.

– Бізде көптеген медициналық оңалту қызметтері көрсетіледі, күндізгі стационар, АПП, үйге баратын мобильді бригадалар бар. Жүре алмайтын балаларды жүргіземіз. Былтыр бізде күндізгі стационарда 395 науқас емделді. Оларға миокарда инфаркті, ОНМК, яғни ми қан айналымының қатты бұзылуы, жарақаттан кейінгі оңалту, тамыр ауыстыру, ДЦП, яғни балалар церебралды сал ауруы, туа бітті дамуы тежелуі, Даун синдромы сияқты аурулар бойынша оңалту қызметтерін көрсеттік. Сондай-ақ Амбулаторлық емханалық көмек бойынша былтыр бізде 143 919 қызмет көрсетілді. Оған массаж, физиотерапия, электрлік емдеу, жарықпен емдеу және т.б. қызмет түрлері жатады. Аппараттар – 2012 жылы алынған заманауи жабдықтар. Сондай-ақ кинезотерапия бар. ЛФК, яғни бейімделген дене шынықтыру қызметі жеке адамдарға және топтарға көрсетіледі. Боботерапия, механотерапия да жұмыс істейді, оған тренажерлер, велотренажерлер, жүгіру жолақтары және басқалар жатады. Сол сияқты остеохондроз, ота жасалмаған сынықтар, пневмония, отиттен кейінгі оңалту, 3-кезеңіндегі артроздар

оңалтылады, ортопедиялық ем де қарастырылған, – дейді бөлімше меңгерушісі.

Мұнда аталған емханада тіркелген 2 айдан 18 жасқа дейінгі және одан үлкендер де қаралады. Бөлімше қызметкерлері күн сайын таңертеңгі сағат 8.00-ден 16.00-ге дейін жұмыс істейді. Жалпы қызметтердің 60 пайызы 18 жасқа дейінгі балаларға көрсетіледі. Физиотерапевт қызметі күніне 30-40 балаға көрсетіледі. Мамандар үнемі кәсіби біліктілігін арттырып отырады. Сонымен қатар қызметінің ең басында жүреді. Олар келген науқастарға педагогикалық коррекция, аутизм, кеш сөйлеген балалар бойынша жұмыстар жүргізеді. Бірқатар аурулар үшін тұзды шахта қызметі де бар.

– Жалпы мамандар жеткілікті, дегенмен физиотерапия бойынша медикелер аз. Ал қала бойынша реабилитологтар тапшы. Іздер болсаң, табу қиын. Біздің бөлімшеде мамандар 85 пайыз жеткілікті. Балалар арасында психологиялық сөйлеу дамуының тежелуі бойынша диагноз көп кездеседі. Осыны үйрететін мамандар жетіспейді. Бөлімшеде осы салалар бойынша мамандарды өзіміз оқытып, қолда бармен үлгеріп жатырмыз, – дейді дәрігер.

Сонымен қатар өздері келе алмайтын, өте ауыр жағдайдағы, өзге оңалту орталықтары қызмет көрсетпейтін науқастардың үйіне баратын мобильді бригадалар да бар. Олар көбіне бойында өте ауыр катетері бар, несеп жолдары аурулары бойынша оңалтуды қажет ететін науқастарды қарап, күніне 3-4 үйге барады. Бөлімшенің осындай ауқымды қызмет түрлерін көрсететін медициналық персоналдың көбінің еңбек өтілі 16 жылдан асады.



БОЛАШАҚ АНАЛАРҒА – АРНАЙЫ КЛИНИКА

Елордада болашақ аналарға арналған алғашқы арнайы клиникалар ашылды. Жоба жүкті әйелдерде ұрық диагностикасының тиімділігін арттыруға және «бір терезе» қағидаты бойынша көмек ұйымдастыруға бағытталған.

«Бір күндік клиниканың» бас-ты миссиясы – болашақ аналарға мүмкіндігінше сапалы, жан-жақты және жайлы медициналық көмек көрсету, процедуралар мен консультацияларға кететін

уақыт пен күш-жігерді азайту. «Клиника жүкті әйелдерге бірінші триместрде пренатальды скрининг жүргізудің жаңа бірегей әдісін ұсынады. Болашақ аналар биохимиялық және бірінші

триместрдің ультрадыбыстық скринингін өту, қажет болған жағдайда генетиктің кеңесін алу сияқты барлық қажетті қызметтерді бір күнде бір жерде алады» деп атап өтті аурухана

директоры Нұрбол Тұрсынбаев. Бұл болашақ аналарға УДТ, зертханалық тексеру үшін қан тапсыру, бейінді мамандарға жазбаны көп күттірмей, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, сол арқылы дәл сол күні өз баласының денсаулығы туралы толық көлемде білуге және сәби өлімі мен балалар мүгедектігінің алдын алуға мүмкіндік береді.

№45 (4633) 16/04/2024 Сейсенбі

Отбасында мүмкіндігі шектеулі баланың тууы – кез келген отбасы мүшелері үшін ауыр қайғы, психологиялық стресс. Бала туғанға дейін айрандай ұйыған шаңырақ, дәрменсіз сәбидің дүниеге келуімен шайқалатын жағдайлар да жоқ емес. Бұл, алдымен, анасына батады. Науқас бала туралы үнемі уайымдау, не істерін білмей дағдару, күйзеліс отбасының бұзылуына ғана емес, отбасы мүшелерінің қоғамнан оқшаулануына алып келеді. Бұл – өмірде дәлелденген жағдай. Тек кейбір жағдайларда ортақ қайғы отбасы мүшелерін біріктіріп, қиындыққа қарсы әрекет етеді.

Елімізде мүгедек балалары бар отбасыларды әлеуметтік қорғау тиісті нормативтік құқықтық негізде жүзеге асады. Занда мүгедек бала мен оның отбасына, яғни бірге тұратын отбасының барлық мүшесіне берілетін жеңілдіктер сараланған. Мұндай ерекше баласы бар отбасын әлеуметтік қорғау нақты мәселелерді шешуге ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, оның жеке әлеуетін нығайтуға және дамытуға бағытталған. Бұл үдерісте әлеуметтік қызметтер мен осы мекемелерде жұмыс істейтін мамандардың рөлі ерекше болады, олар отбасына күнделікті қиындықтарды жеңуге көмектесіп қана қоймай, отбасы мүшелеріне өзін-өзі және өзара көмек көрсету жолдарын үйретуі керек.

Біздің әңгімеміздің кейіпкері – Ботагөз Сұлтанова, жасы елуден енді асқан. Екі баласының бірі мүмкіндігі шектеулі бала болған соң, бұл жағдайды жақсы біледі. Содан да 2019 жылы өзі сияқты мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 300 ата-анадан тұратын бастамашыл топ құрылып, алдымен мұндай отбасылардың баспана мәселесін көтеруді ұйғарады. Осы істің басында жүргенде бір-бірімен араласып, танысу барысында, баспанадан бөлек, мәселелердің аз емес екені белгілі болды. Тұрғын үйден басқа, білім, денсаулық сақтау, жұмысқа орналастыру, әлеуметтендіру, тренингтер, айта берсе шаш етекпен. Ақылдаса келе, 2020 жылы «Бақытты шаңырақ» қорын құруды шешті. Сол жылы әкімдіктен 70 шаршы метрлік бірінші ғимаратты алып, бұрын еш жерде жұмыс істемеген 13 ана жұмысқа орналасып, қордың жұмысы басқаларға үлгі болып, бір ортаға біріге бастады. Қазір олар шаштараз, тігінші, массажист, тырнақ стилисті және татуировка мен кірпік узарту бойынша мамандар болып жұмыс істейді.

Қоғамдық қордың бастамасын қолдап, еріктілер тарапынан көп



ҚОРДЫҢ ҚАМҚОР БАСТАМАЛАРЫ

2020 жылдың мамыр айында Астана қаласында құрылған «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры ерекше балалары бар отбасылардың өмір сүру сапасын жан-жақты жақсартуға арналған. Осы мақсатта балалар мен ата-аналар үшін шеберлік сыныптары, сондай-ақ оқыту мен біліктілігін арттыру курстары өтуде. Әлеуметтену үшін инклюзивті іс-шаралар қарастырылған. Қордың айрықша ерекшелігі – ол бүкіл отбасын қамтиды. Бүгінде мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған 703 отбасын аталмыш қордың айналасында бірігіп, қоғамды ізгілендіру жолында еңбек етуде.



қолдау болды. Осы мақсатта балалар мен ата-аналар үшін шеберлік сыныптары, сондай-ақ оқыту курстары мен біліктілігін арттыру курстарын өткізу тоқтаған емес. Әлеуметтену үшін инклюзивті іс-шаралар өтеді. Қордың ерекшелігі – тек мүмкіндігі шектеулі бала ғана емес, барлық отбасы мүшелерін түгел қамтиды. Өз күшімен анимация қызметін ашты. Сегіз анандан тұратын бұл ұжым ерекше балаларға арналған әрбір іс-шарамен бірге жүреді. Сәбилердің туған күндері, түрлі спорт жарыстары, мерекелер аниматорлармен бірге өтеді.

Осылайша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қолжетімді шаралардың басын құрады. Тіпті отбасы мерекелеріне арналған гелий шарларын да шығара бастады.

2020 жылдың қыркүйегінде «Үйдегі көмекшілер» жобасы іске қосылды, бүгінде оның атауы қордың үйлестірушісі болып өзгерді, командада сегіз ана бар. Әрқайсысына 65-70 отбасы бекітіліп, соларға еріп, қолдап, көмектесіп отырады. Үйлестірушілер үнемі тренингтер мен семинарлардан өтеді. Психологиялық көмек қызметінде де сегіз ана жұмыс



істейді. Сонымен қатар балаларға арналған аспаздық шеберлік сабақтары, кітап оқу сайыстары, шахмат турнирлері, вокалдық байқаулар, сурет салу және т.б. шаралар өтеді.

«Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасының барлығына, баланың диагнозына қарамастан, жан-жақты көмек көрсетеді. Қордың сіңірген еңбегінің арқасында жаңашылдық қабылданды, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар балалары көмектесуіне толған

соң, баспана кезегіндегі орнын сақтап қалады. Бұл норма 20 мың отбасының кезекте тұруына мүмкіндік береді. Бұрын 18 жасқа толған мүгедектер қайтадан кезекке тұруға мәжбүр болатын. Сондай-ақ мүгедек бала қайтыс болған жағдайда тұрғын үй кезегі отбасында қалады. Қордың бастамасымен Астана қаласында онкологиялық

оқытып, жұмысқа орналастырамыз, түзеу-ағарту, оңалту жұмыстарын жүргіземіз, психологиялық және құқықтық көмек көрсетеміз, – дейді Ботагөз.

Қоғамдық қор қандай жобалар ұйымдастырса да оның барлық отбасы мүшелеріне қолайлы жағын қаперде ұстайды. Мысалы, ата-аналардың қажеттіліктеріне қарай түрлі бағыттағы білім беру курстары мен тренингтер ұйымдастырылғанда, (тіл курстары, қаржылық сауаттылық бойынша семинарлар, компьютерлік курстар, түрлі спорттық және шығармашылық іс-шаралар). одан басқа кәсіптік курстар, шеберлік сабақтары, психологиялық тренингтер және басқа да іс-шаралар кезінде қарауындағы балаларына да дамыту үшін ұйымдастырылған бөлмелерде қалдыра алады. Балалардың мүмкіндігінше кемелетке толған соң салық төлеуші болып, елінің игілігі үшін еңбек етуін қамқорлап, кәсіптік бағдар жүргізілді.

Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасының отбасылық өмірі, әдетте, сау балалары бар қатардағы отбасынан ерекшеленеді. Баланың науқасына байланысты күтім мен көп уақыт бөлу керек. Мұндай отбасыларда сау балаларына қарауға да жағдай бола бермейді. Орталық психологтарын атап өткендей, ата-анасына және айналасындағыларға іштей реніш осындайда шығады.

– Біздің жобада мамандар мүмкіндігі шектеулі баласы бар ата-аналардың бүкіл отбасын және оның қалыптасуына аға-әпкелерін біріктіру үшін отбасылық іс-шараларды өткізуге бар күш-жігерін салды. Біз отбасын әлеуметтендіруге бұл тәжірибені үнемі қолдану керек деп есептейміз, сонда қазіргі дамыған қоғамда маңызды болып табылатын отбасы құндылықтарын сақтауға болады, – дейді қор басшысы.

Елорданың №22 және №80, №89 мектептердегі қанатқақты жоба бойынша мектеп оқушыларының мүмкіндігі шектеулі балалар тұрғысындағы толерантты көзқарасты қалыптастыруда қор біршама жұмыс жасады. Түрлі шарлар арқылы 2200 адамды қамтып, қордың 6 психологы қатысты. Мақсаты – инклюзивті білім беруді ақпараттық қамту, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға қабылдаудағы кедергілерді жою.

Расында да бүгінгі күннің проблемасы – білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалардың мінез-құлық ерекшеліктері туралы балалардың, ата-аналардың, мұғалімдердің бейхабар болуы. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру біздің жобаның мақсаты болғандықтан, бұл жұмыс әрі қарай да жалғасын табады.

ИППОТЕРАПИЯ – ЕРЕКШЕ ЕМДЕУ ТӘСІЛІ

Елордада жеті мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі бала тіркелген. Олардың бір мыңға жуығына науқастарына қарай иппотерапиямен айналысу аса қажет деп есептеледі.



Иппотерапия – атпен жүру арқылы тірек-қимыл аппаратының дамуын ынталандыратын, координацияны жақсартып және төзімділікті жаттықтыратын емдеу тәсілінің бір түрі. Атқа мінген кезде баланың барлық бұлшық еттері әрекеттеніп, жалпы физикалық дамуы жақсартады. Иппотерапияның ерекшелігі мүмкіндігі шектеулі балалардың психикасына әсер ететін үйлесімде жатыр. Бұл әдіс инсульттан, бас миының жарақатынан және жұлын жарақаттарынан кейінгі оңалтуда тамаша нәтижелер көрсетеді. Церебралды сал ауруы, аутизм, психикалық және мінез-құлықтың кейбір ауытқушылықтарын емдеуде жақсы нәтиже береді.

Елордада мүмкіндігі шектеулі

балалардың иппотерапиямен айналысуы үшін «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені өткен жылдың көктемінен бастап жұмыс істей бастады. Балалар, оның ішінде ерекше балалар иппотерапия сабақтарына қатысуға мүмкіндік алды. Иппотерм балалардың денсаулығын нығайтып, психоэмоционалды жағдайын жақсартатын пайдалы іс-шараларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

– Кешеннің ғимараттары, спорт алаңдары халықаралық стандарттарға толықтай сәйкес келеді. Мұнда да республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі турнирлер мен спорттық іс-шараларды өткізуге де мүмкіндік бар. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің балалары да орталықтың

игілігін пайдаланады, – дейді «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені басшысы Аманжол Хасенов.

Енді иппотерапиялық балаларды емдеу әрі спорт кешеніне онлайн кезекке тұра алады. Цифрландыру бағдарламасы 1 сәуірден бастап іске қосылды. Жаңа бастама Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен және цифрландыру басқармасымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Енді қызмет түріне алдын ала тапсырыс беріп, кешен тарапынан үш күнде жауабын алады. Онлайн тапсырыс бере алмайтын қызмет алушы Астана қаласындағы Қарқаралы тас жолы, №1 мекенжайында орналасқан «Арғымақ» ат спорттық сауықтыру кешені ғимаратына келіп тапсырыс бере алады.

Бетті дайындаған Айгүл УАИС

ШАҒРИЗАДА ШАҚЫРАДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы классикалық вокал бөлімінің әншісі, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Шағризада Тыныштыққа өнер қан арқылы дарыған. Оның ата-анасы Қайрат Жәлімбетов пен Мақпал Шәкірова – Сыр еліне белгілі музыканттар. Олар қыздарының ауыр өнер жолын таңдауын қаламаған еді. Дегенмен, бойындағы бұлықсыған өнерді байқағаннан кейін бағын байламады.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Шағризада кішкентайынан сахнаның сыртында өсті. Қызылорда қаласында сол жылдары балабақша жағы қиындау болғандықтан, ата-анасы оны концерттерге дайындауға, музыкалық кештерге ертіп келуге мәжбүр еді. Осылайша ата-ана үлгісі өнер жолына алып келді. Қайрат пен Мақпал қыздарының таңдауын естігеннен кейін музыкалық колледжді «қызыл» дипломмен бітіресің деген шарт қойды. Шағризадаға колледжде өңірге белгілі педагог Самал Байсейітова сабақ берді. Әрине, ата-ана да қыздарының оқуын қадағалап, керек жерінде кеңестерін беріп тұратын.

Колледждің екінші курсына оқығанда алғашқы байқауға қатысты. Бұл Павлодар қаласында өткен республикалық Дельфий ойындары еді. Онда екінші орынды иеленді. Бір жылдан кейін Алматы қаласында П. Чайковский атындағы жас орындаушылардың XXXII республикалық байқауы ұйымдастырылды. Онда Шағризада жеңімпаздар қатарынан табылды. Музыкалық колледжді де «қызыл» дипломмен бітіріп, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетіне грантпен оқуға түсті.

Осы оқу орны профессоры Роза Тілендиевтен дәріс алды. Елордада оқи жүріп, бірнеше байқауға қатысып, топ жарды. Атап айтқанда, республикалық студенттер олимпиадасының

және Н. Тілендиев атындағы «Өз елім» III халықаралық музыка фестивалінің лауреаты атанды. 2019 жылы осы байқау алтыншы рет ұйымдастырылып, елордада өтті. Шағризада онда айды аспанға шығарды деп айтсақ болады. Байқаудың бас жүлдесін, елорда әкімінің кубогын, Нұрғиса Тілендиев шығармасын үздік орындағаны

үшін арнайы сыйықны және Тұңғыш Президент қорының сыйлығы электронды фортепианоға ие болды.

Дарынды қыздың өнердегі жетістіктерін көрген Қазақ ұлттық өнер университетінің басшылығы Италияға тағлымдамадан өтуге жіберді. Рим қаласындағы Санта Чечилия консерваториясында төрт ай

бойы оқыды. Милан консерваториясының профессоры, «Giasosa di Ivrea» театрының көркемдік жетекшісі Паоло Боизионың шеберлік сабақтарына қатысты.

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясына әнші болып қабылданғанына биылғы қыркүйек айында 10 жыл болады. Өнер ұжымына әлі студент кезінде келген еді. Кейін Қазақ ұлттық өнер университетінің магистратурасын бітіріп, осы оқу орны колледжінің оқытушысы болды.

Шағризада Тыныштық Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» халықаралық байқауында 1-орынды, кейіннен осы байқауда бас жүлдені алды. Ахмет Жұбанов атындағы «Жұбанов көктемі» V халықаралық фестивалінде бас жүлдені және «Шабыт» 18-шығармашылық жастардың халықаралық байқауында гранпри иеленді.

«Шабыт» фестивалінде дарынды әнші «Академиялық вокал» аталымында топ жарды. «Сол кезде қуанышым қойныма сыймады. Қазылар алқасының құрамында Қазақстан, Ресей, Беларусь, Италия, Израиль, Германия, Қытай елдерінің көрнекті өнер қайраткерлері, белгілі музыканттар болды. Осы жеңісіммен мақтанамын» дейді Шағризада.

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясында әнші «Қыз Жібек пен Сансызбай» қойылымына қатысты, Ж.Оффенбахтың «Готман ертегілері» қойылымында Антониа партиясын орындады, Ахмет және Ғазиза Жұбанованың «Құрманғазы» операсында Әуес партиясын орындады.

Осы уақытқа дейін өнері толысып, біраз тәжірибе жинақтаған Шағризада жеке концерттеріне шақырады. Бағдарламада әлем классикасы орындалады.



ЕҢБЕК АДАМЫ



АЛАПТЫҢ АҒА КІТАПХАНАШЫСЫ

Рухани қазына ордасы – кітапханаға бас сұқпайтын, кітаптар әлеміне саяхаттамайтын адам кемде кем. Осы әлемде өмірінің көп бөлігін өткізіп, жұмыс істейтін кітапханашыларды сол бай қазынаның қырағы күзетшілері десе болады. 15 жылдан бері Астана қалалық Орталықтандырылған кітапханалар желісінің Мичурин тұрғын алабындағы №10 көпшілік кітапхана филиалында аға кітапханашы болып еңбек ететін Әсел Омаш жауапты да қызықты кәсібінің қыр-сырымен бөлісті.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

Таңертең кірген бетте сөредегі кітаптар, ондағы ұлы адамдар бейнесі алдынан күн сайын қарсы алады. Кітапханада тоғысқан ұлылар рухымен амандасып, олардан өзіне күш алатын Әсел Қайыркенқызы сол күнгі жоспарына сай қалыпты жұмысына кірісіп кетеді.

– Жалпы біздің міндеттерімізге – кітапхана қорын сақтау, толықтыру, келген оқырмандарға қызмет көрсету, кеңес беру, сұратқан қажетті әдебиеттерін тауып беру, қосымша ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету, ай сайын өтетін іс-шараларды ұйымдастыру, жыл бойы ұлы тұлғалардың мерейтойын атап өткенде соған сай көрме өткізу, солардың шығармаларын насихаттау жұмыстары жатады. Сол қызметтерге сай күнделікті оқырмандардың формулярын тіркеп отыру, кітапхана билетінің мерзімі біткен оқырмандармен жұмыс істеу, айына бірнеше рет келетін жаңа кітаптарды тіркеу, оны бағдарламаға реттеп енгізу, керек ақпараттарға карточка толтыру сынды басқа да міндеттеріміз көп, – дейді аға кітапханашы.

1432 тұрғыны бар Мичуриннен бөлек, көршілес тұрғын алаптардың да халқына қызмет көрсететін кітапхана қорында 8732 кітап бар. Кітапханаға келушілердің жас деңгейі әртүрлі. Алаптардағы балабақшалар, мектептер қызметкерлері мен оқушылары, зейнеткерлер жиі келеді. Ұстаздары каникулда оқитын кітаптар тізімін беріп, сол тапсырманы орындау үшін жаз бойы оқушылардың аяғы үзілмейді. Жасы ең үлкен оқырман 87 жаста болса, кішісі балабақша тәрбиеленушілері, оларды апайлары немесе ата-анасы алып келіп, кітаптар оқытады.

– Үш бағытта кітаптар көп сұралады. Біріншісі – көркем әдебиет, екіншісі – қазіргі жастардың психологиялық және мотивациялық кітаптарға әуестігі басым болуына орай сондай шығармалар, үшіншісі – тарихи кітаптар. Оқырман оқысы келген кітапты барынша жылдам тауып беруге тырысамыз. Жалпы кітапханашы болу үшін жан-жақты білім

керек. Біз, бір жағынан, библиографпыз, кейде бағдарламашы болып, әр ісімізге видео түсіріп жүреміз. Тіпті ұстаз болып та шәкірттерді тәрбиелеуге атсалысамыз, арасында әртіс те болып, келушілерге қойылым қоя саламыз. Кейде экскурсовод болып, музейлер мен мұрағаттарды таныстырып кетеміз. Сондай-ақ заманға сай бейімделіп, кітаптарды жарнамалап жүріп блогер болып кеткенімізді де байқамай қаламыз, – дейді Әсел Омаш.

Айта берсе, кітапханашының ағартушылық, ұйымдастырушылық қыры да көрсететін өзге де қыруар шаруалары мен міндеттері жетіп артылады. Олар тек кітапхана ішінде ғана емес, басқа алаңдарда да іс-шаралар ұйымдастырады. Оқырмандарға қызық болу үшін вики-ториналық ойындар өткізеді. Белгілі тұлғаларды шақырып, алап тұрғындарына рухани азық беруге барын салады. Кітапханашылар біліктілігін арттырып, жаңа технология бойынша тәжірибе алмасу мақсатында түрлі семинарлар мен курстарға қатысады.

Осындай сегіз қырлы, бір сырлы мандандықты таңдаған кейіпкеріміз алдымен 11 жыл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. Өзі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданына қарасты Мәди ауылында дүниеге келген. С.Торайғыров атындағы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, Павлодар және Астанада мектептерде сабақ берген. 2008 жылы осы кітапханаға келіп, бүгінгі күнге дейін қызмет атқарып келеді. 2011 жылы аға кітапханашы дәрежесін, 2012-2014 жылдары Қарағанды қаласының Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің кітапхана ісі мамандығы бойынша үздік диплом алды. Қазіргі таңда оқырмандарды біліммен қатар заман ағымына қарай түрлі республикалық, халықаралық жарыстарға қатыстыра отырып, шыңдау үстінде. Екі қыздың анасы Әсел кітапханашы өзі қызмет ететін алаптың 2003 жылы Астанаға қоныс аударғалы бергі тұрғыны. Кент тұрғындары рухани нәр алатын кітапхана әзірге осы ауылдың ең басты және жалғыз мәдениет ошағы саналады.

КВАРТЕТТІҢ КОНЦЕРТІ



Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның Ғазиза Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті «Уақыт ішектері» концертін ұсынды.

Концерт XIX-XX ғасырлардағы квартет классикасына арналған. Онда әлемге әйгілі классик композиторлар Людвиг ван Бетховен мен Дмитрий Шостаковичтің шығармалары орындалды. Өнер ұжымы Бетховен шығармаларын құрылған уақыттан насихаттап келеді. Жаңа жанрды игере отырып, композитор Гайдн мен Моцарт жасаған үлгілерге сүйенді. Бетховеннің алғашқы квартеттерінің музыкасы осы композиторлардың әсерін көрсетіп, Бетховенге тән музыканы қамтиды. Композитор өзінің алғашқы квартеттерін қорғаушысы, Венаның бай меценаты, князь Франц Йозеф



Лобковицке арнады. Концерт бағдарламасында № 2 ішекті квартеті орындалды.

Концерттің екінші бөлімі Дмитрий Шостаковичтің шығармасын қамтиды. Композитор № 5 симфония мен «Мценск оязының Макбет леді» операсын жазғаннан кейін квартет жанрына шебер ретінде бет бұрды. 1964 жылы жазылған № 9 ішекті квартет композитордың әйелі Ирина Шостаковичке арналған.

Кештің соңы екі дәуірдің үні бүгінге дейін халық жүрегіне жаңғыртып, тарихтың қасіреті туралы баяндайтын «Самал тау» атты қазақтың халық әні және Сүгірдің «Аққу» күйі толықтырды. Ұлттық нақыштағы туындылар Ә.Сағымбаевтың ішекті квартетке арналған өңдеуінде орындалды.

БАЯНДЫ ЖӘНЕ БАЯНСЫЗ МАХАББАТ БАЯНЫ

Қозы мен Баяндай, Жібек пен Төлегендей, Еңлік пен Кебектей қосылмай, арманда кеткен ғашықтар қаншама... Арғысын айтпағанда, жаңа ғасыр басында шетелде «Болашақ» бағдарламасымен білім алып жүрген ақтөбелік Айнұр атты қыз бен жамбылдық Болат есімді екі жас үйленбекке уәделесіп, «Баку-Ақтау» рейсімен елге қайтып келе жатқанда ұшақ апатына түсіп, қайғылы қазаға ұшырады. Апаттан кейін мәйіт іздеген сұңгуірлер Каспий теңізінен Болат пен Айнұрдың денелерін құшақтары ажырамаған күйлерінде тауып алған деген ақпарат тарады. Бір жылдан кейін мүсінші Қадырхан Кәкімов қос ғашықтың құрметіне ескерткіш құйып, Тараздың Махаббат аллеясына орнатты.

Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры премьерасын ұсынған Ақлима Исмаилдің «Сүйікті етші, сүйікті!» лирикалық драмасы махаббат қадірін білуге, отбасы құндылықтарын қастерлеуге үндейді. Театр режиссері Нұрфат Вахитов сахналаған аталмыш туынды параллелизмге негізделген. Болат пен Айнұрды бекерден бекер еске алмадық. Қойылымға арманда кеткен қос ғашық бейнелері кіріктірілген. Аспандағы ғашықтар Болат (актер Нұрбек Әділбек) пен Айнұр (Перизат Жәрдемова) жердегі ерлі-зайыптыларды бір-бірін қадірлеуге, отбасында бірлік-берекені сақтауға шақырады.

Қойылымда көп кейіпкер жоқ. Ерлі-зайыпты Жомарт



(Елдос Шәйкенов) пен Жамалдың (Шехназа Қызыханова) отбасында ерінің әйелінің көзіне шөп салудың салдарынан бір күнде дауыл тұрады. Оған себеп, Алина (Әйгерім Түсіпбекова) есімді тұрмысын түзеймін деп уақытын өткізіп алған қыз. Иә, бұл күні Алинаның басында кең баспана, көлік, әдемі жиһаздар, бәрі бар. Тек махаббат жоқ. Соның орнын ол Жомарттың басын айналдырып, толтырғысы келді. Бірақ біреудің отбасын ойрандап, бақытты болмайсың. Қойылымның бір идеясы сонда жатыр. Алинаға жұбайымен ажырасқан Асхат (Әбүтәліп Әміре) ғашық болады. Ақыры екеуі тіл табысады да. Ал Жомарт адасқанын түсініп, өз отбасына қайтып келеді.



«АСПАН МЕН ЖЕРДІҢ ҮНДЕСТІГІ»

Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайында «Аспан мен жердің үндестігі» атты елорда әуежайының тарихына қатысты архив құжаттары көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Көрмеге Астана қаласының мемлекеттік архивінің 1923 жылдан бастау алатын ұшақтарға қызмет көрсету қызметінің ашылғаны туралы, Целиноград қалалық кеңесі атқару комитетінің, еңбекші депутаттарының әуежайға қатысты хаттамалары, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Аэрофлот» үздігі Алексей

Самусенконың жеке қоры, 1960 жылдардағы әуежай ғимаратының фотосуреттері, 1997 жылы Ақмола қаласының әуежайына жүргізілген реконструкциялық жұмыстар жөнінде, әуе желісін тарту туралы, әуежайға қатысты шешімдер, газет беттерінде жарияланған мақалалар және басқа да тарихи құжаттары ұсынылды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«АҒЫРАПТАҒЫ АТЫ ЖОҚ АДАМ»

ҚР Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Жазушылар одағы мен «BELES» құрылыс компаниясы ұйымдастырған «Жас қалам – жаңа роман» жобасының грант иегері, жас қаламгер Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам» атты кітабының таныстырылымы өтті.



Іс-шараға Парламент Сенатының депутаты, журналист Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты, ақын Қазыбек Иса, Мәжіліс депутаты, журналист Жанарбек Әшімжан, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқар, сыншы Амангелді Кеңшілікұлы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бақыт Беделхан, Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Көпұлы және елордалық зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Елімізде қазақ әдебиетіне, ұлт әдебиетіне жаны аштың кәсіпкер азаматтар бар. Солар үш романды қаржы бөліп, талантты жазушыларға жағдай жасады. Соның бірі – жазушы Қанат Әбілқайыр. Ол тарихи тақырыптарды жазды.

«Ағыраптағы аты жоқ адам» романында адамның сезімін қозғалысқа келтіретін элементтер бар. Жазушының әңгімешіл шеберлігіне риза болдым» дейді сыншы Амангелді Кеңшілікұлы.

Ал кітап авторы ағырап сөзіне тоқталып өтті.

«Көп адам «Ағырап деген не?» деп сұрап жатыр. Дінде жұмақ пен тозақ деген ұғым бар. Ислам дінінде жұмақ пен тозақтың ортасында бір мекен болады. Ол жерде жақсылығы мен жамандығы тең түскен, яғни жұмаққа да, тозаққа да жіберуге келмейтін адамдар қалады деген түсінік бар. Осыған қатысты Ағырап деген сүре де бар. Шығармадағы оқиға Ағырап деген қалада өтеді» дейді жазушы Қанат Әбілқайыр.



ҰРПАҚҚА – ҰЛАҒАТ

Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы және Қ.Сәтбаев атындағы BINOM School мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен ұлы ғалым, қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Қасиет қонған Қаныш Сәтбаев салған жол – ұрпаққа ұлағат» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиында биыл қазақ дала-сының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отырғаны, Қаныш Сәтбаев алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі

ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері екені айтылды. Ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылғаны сөз болды.

Іс-шара пленарлық отырыстан басталып, белсенді секциялық талқылаумен жалғасты. Білім беру ұйымдарынан әр секцияға қатысқан педагогтары өз жұмыстарын жоғары дәрежеде көрсете білді.

ASTANA EURASIAN BOOK FAIR 2024 Презентация

Менің ФАРИЗАМ

Поэзия падишасы Фариза туралы естеліктер...

17 сәуір 12:00

Модератор: Нәзира Бердалы ақын, тележурналист

Автор: Ақшатап Бақтыгереева ақын

Спикер: Оңайгүл Тұржан ақын

АБЫЛ МЕН ҚАБЫЛ РОМАНЫНЫҢ ТҮСАУКЕСЕРІ

Мақсат Мәлік

АКБЕРЕН ЕТЕЗЕК

17:00 17 СӘУІР

АСТАНА КОНГРЕСС ОРТАЛЫҒЫ